

● 26-СӘУІР – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ КҮНІ

ӘР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ

ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ Қостанай таңы

www.kostanaytany.kz



1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

e-mail: kostanaytany@mail.ru

24 сәуір 2015 ж.

жұма

№45 (18254)

**САЙЛАУ
2015**

Сайлауға түгел қатысайық!

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ

Қостанайдан - Қарағандыға

Махаббат
БЕКБАЙ

Қостанай облысынан су тасқынынан зардап шеккен қарағандылықтарға 10 миллион теңгенің 100 тонна азық-түлігі жіберілді. Жолшыларды шығарып салуға облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов келді.

Облыс орталығынан шыққан жеті көлік Қарағанды облысын бетке алған. Көлік керуеніне Астанада тағы үш машина қосылмақ. Оларға 40 тонна картоп, сонша мөлшерде ұн, 5 тонна макарон, 3 тонна сұйық май, 55 мың жұмыртқа, консервіленген 2 тонна ет, 2 тонна қант тиелген. Азықтың Тобыл өңірінің жергілікті өнімі екенін айта кеткен жөн. Облыстың 25 өндіріс орны мен кәсіпкерлері өз өнімдерімен бөлісіп, көмектен



тартынған жоқ. Гуманитарлық жүк Қарағанды облысындағы Қызыл Жарты Ай қоғамының филиалына жеткізіледі.

СУРЕТТЕ: Қарағандыға жол тартқан шеру.
Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

КАЗАКТЕЛЕКОМ

iD TV Online+MEGOGO қосыл!

- ТЕГІН қосылу!
- iD Net/Megaline қызметтерін жаңадан қосқандарға 2 ай ішінде Интернетті ТЕГІН пайдалану мүмкіндігі беріледі!
- MEGOGO-дан фильмдердің қорына кіру мүмкіндігі (3000 фильмнен артық)

160 нөмірі бойынша қосыл!

Қызмет Windows XP, 7, 8, Mac OS, iOS, Android базаларында жұмыс істейтін құрылғылар үшін қолжетімді!

● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Көрші облыста тұратын жолдас жігітке таяуда ойда жоқ жерде жолығып қалдық. Екеуара отырмыз, әңгімеден – әңгіме.

– Жиенім он мың гектар жері, облыс орталығында үш сауда кешені бар дәулеті жылдан-жылға еселеніп келе жатқан азамат. Елуге толған мерей-тойынан соң мейрамханадан шығып мені үйіне ертіп келді. Тап соның үйінде бір сұмдықтың үстінен шықтым. Қонақ бөлмесінің бір бұрышында тұғы-



«...Жалаңаш келген»

ры кісі бойындай өзінің бюстін көрсетті. «Таза алтыннан құйдырдым» дейді жиенім, менің таңырқағанымды күткендей-ақ. Бірақ даусынан бір мақтангершілікті сезбедім, – деді ол сөзін сабақтай түсіп, – Осынау бес күн жалғанда, кім бар, кім жоқ. Ұл-қыздарым дүниенің қадірін білмейді. Күндердің күні олай-бұлай болып кетсем басыма қояр көк тас осы болсын деп олардың құлағына құйып қойып отырмын. Олар да алғашқыда шошынғандай болып еді, енді бүгінде үн-түнсіз, түсінген сыңайлы деді жиенім. Ал мен түк те түсінбей алтынның буы бар қонақ бөлмеден шала ұйқылы аттандым, – деді жолдас жігіт.

Былтыр Мысыр еліне барғанымызда сонау Ежелгі Египетте б.з.д. мыңжылдықта өмір сүрген перғауындар бюст өз алдына, тұтастай тұлғасын қашап салғанын, ал Тутмос, Аменхотеп, Рамзес есімді атақты перғауындар заманында Перғауындар мен бай адамдарды жерлеу үшін жартастарды қашап салған бірнеше бөлмелі мазарларды көрдік. Өлгендердің денесін «мәңгі өмір сүруі үшін» балъзамдап, мумияға айналдырып, оны соның ішіне қойыпты. Соның айналасында аса бағалы алтын-күмістен жасалған дүние мүлкі де болған деседі.

Менің есіме таяуда ғана ғаламтордан бір оқығаным түсті. Сонау кеңес заманы жаңа орнап жатқан кезде, 1921 жылы Талдықорған өңірінде қызыл комиссарлар Шайқорған деген жерде ауыл-ауылдан өкілдер жинап, алқақотан отырғызады. Ортаға атақты бай әрі діндар Қожахметті байлап өкеледі. Сонда бай ел-жұртына ақтық рет: «Уа, халайық, соңғы сапарға аттанып барамын. Пендеміз ғой. Біреуге

ісім батып, біреуге тісім батқан шығар. Қиянат-қателіктерім үшін бәріңізден ғафу өтінемін. Қарызым болса өтейін. Мә, мынаны алып, қажеттеріңе жаратыңдар. Қалғанын молдаға беріп, құран оқытыңдар маған», – деп жұртқа бір дорба алтын-күміс теңге лақтырыпты. Байды сол жерде атып өлтірген екен..

Осы жақында 62 жастағы бразилиялық миллиардер Каунт Чикиньо Скарпа жиған байлығын о дүниеге алып кетуге ұмтылуда деп жазды әлемдік ақпарат көздері. Миллиардер фәниден бақиға жеке көлігін тасудан бастапты. Ол өзінің жарты миллион доллар тұратын «Bentley Continental Flying Spur» автокөлігін үйінің артынан көр қазып, сонда жерлепті.

Бұл не сонда, ақылдың азғаны ма, тозғаны ма десек, жауабын осыдан 5 ғасыр бұрын Бұқар жырау бабамыз айтып қойыпты: «Әлемді түгел көрсе де, алтын үйге кірсе де, аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап мінсе де – қызыққа тоймас адамзат. Жақындап ажал тұрса да, жанына қылыш ұрса да, қалжырап, көңілі қарайып, қарауытып көзі тұрса да – Үмітін қоймас адамзат».

...Ауылда бай-дәулетті адам дүние салды.

– Бұл кісі жалғанды жалпағынан басып-ақ еді, міне, енді бақиға бір кебінмен кетіп барады, – дейді көп ішінен біреу.

– Аз дүниемен кетіп бара жатқан жоқ, – дейді, сонда Бөлтірік шешен, – Бұл кісі жарық дүниеге жалаңаш келген болатын.

Адамзат баласының ақыл-ойы кемеліне де, кемеріне де келіп, ізгілік-парасаттың ең бір шырқау шегіне жетті-ау деген бүгінгі заманда пендеңіз осы пәниге жалаңаш келгенін бәрібір ұмытып кетеді екен...

Әлеуметтік саланы дамытпақ

Айбек

КӘДІРҰЛЫ

Облыс әкімдігі мен «ERG» S.a.r.l. ЖШС-і өзара ықпалдастық қарым-қатынас жөнінде келісімге келді. Маңызды құжатқа облыс әкімі Н.Садуақасов пен «Евразийская группа» ЖШС Басқарма төрағасы А.Қазтаев қол қойды.

Әлеуметтік қатынас аясында облыстың әлеуметтік нысандарын дамытуға 800 млн.теңге бөлінбек. Бұл қаржы Рудныйдағы тұрғын үйдің құрылысына, кеншілер қаласына қарасты «Соколовская» насос стансасынан Васильевский буландырғышын жалағап тұрған су құбырын жөндеуге, хоккей, волейбол, дзюдо, футбол тәрізді спорт түрлерін дамытуға бағытталатын болады. Октябрь ауылындағы мәдениет үйі, Лисаков техникалық колледжінің шатыры жөнделіп, Октябрь ауылындағы балалар алаңқайы мен шағын футбол алаңы салынады. Сонымен қатар, санитарлық көлік сатып алынбақ.

● ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Таласта шындық туындайды

Гүлназым САФИТОВА

Жемқорлық жастардың көзімен қарағанда қандай? деген сауалға жақында аймақтағы дебат қозғалысының белсенділері жауап беруге тырысып, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін үлкен диалог алаңына айналдырды. Дебат турниріне өңіріміздің түкпір-түкпірінен жиналған жастар «Қазақстандық қоғамға жемқорлық қаншалықты қауіпті?» деген тақырыпқа жауап іздеді. Осындай тақырыптық дебат турнирін өткізу бастамасын Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаменті басшылығы ұсынды. Осы бастаманы өңіріміздегі өзге де ұйым мен қоғамдық бірлестіктер, атап айтқанда, Қостанай облыстық мемлекеттік банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің кәсіподақ филиалы, «ГРiН» қоғамдық бірлестігі, өңірлік мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығы қолдады. Департамент қызметкерлерінің айтуынша, турнирдің мақсаты – жас ұрпақтың бойына өз халқына деген махаббат пен патриоттық сезімді қалыптастыру, әрбір қатысушы-

ны жемқорлыққа, оның қандай да бір көрінісіне жол бермеуге шақыру.

Департамент басшысы Данияр Үсенов «Таласта шындық туындайды. Бүгін біз дебаттық қозғалыстың дамып, жас ұрпақтың өмірде дұрыс ұстаным таңдауына мүмкіндік жасап отырғанын көріп отырмыз. Осындай турнирлер игі дәстүрге айналып, облысымыздың, жалпы алғанда еліміздің талантты жастарының басын қосатын шара болатындығына сеніміміз мол», – деп атап өтті.

Турнир парламенттік дебат жүйесі бойынша өтті. Облыстан жиналаған командалардың саны да аз емес. Пікірсайысқа отыз екі топты құраған сексен пікірсайысшы шешен қатысып, жоғарыдағы біз айтып өткен тақырыпта дәйекті мәлімет пен дерек келтіріп, әр команданың мүшесі салмақты түрде өз көзқарастарын айтып, қорғады.

Облыстық «Білімді ұрпақ – ел болашағы» дебаттық турнирі қазақша, орысша екі лигадан тұрды, тақырып барлығына да бірдей. Әрбір топ дебат қағидасы бойынша «Үкімет», «Оппозиция» рөлдеріне еніп, тақырыпты жан-жақты талқылады, өздерінің ұсыныстарын, ойларын, пікірлерін, жобаларын, бағдарламаларын жеткізді.

Осы дебат турнирлерінде талқыланған тақырыптар бойынша ұсынылған я айтылған кейбір ұсыныс пен ойлар, жоба мен бағдарламалар республикалық деңгейде қаралып, қабылданғанын айта кеткеніміз жөн.

Әр топ турнирдің барлық кезеңдерінен лайықты бағаларын алып өткенімен, ақтық мәреге тек мықтылар ғана жетті. Ақтық сайыс тартысты болды. «Қазақстандық қоғамға жемқорлық қаншалықты қауіпті?» тақырыпқа қатысты жастар тарапынан небір ұтымды, небір ой туғызатын пікірлер айтылды.

Сонымен, турнир де аяқталды. Марапаттау бес номинация бойынша болды. Ол – дәстүрлі 1, 2 және 3 орындар, «Үздік спикер» және «Үздік судья». Қазылар алқасының шешімі бойынша жеңіске Қостанай мемлекеттік университетінің студенттері қол жеткізді.

Турнир жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар, кубоктар мен грамоталарды ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысындағы тәртіптік кеңес хатшылығының меңгерушісі Асхат Искендіров табыс етіп, қатысушыларға тартымды да қызықты ойындары үшін алғыс айтып, барлығына табыс пен жеңіс тіледі.



ДЕПОЗИТТІ ТОЛТЫРУ ҮШІН БОНУС

2015 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІРДЕН 31 ШІЛДЕГЕ ДЕЙІН

КОМИССИЯҒА 100%-ҒА ДЕЙІН ЖЕҢІЛДІК

- шарттық сомадан 5% көлемінде депозитті толтыру кезінде комиссиялық алымнан 50% жеңілдік*
- шарттық сомадан 10% көлемінде депозитті толтыру кезінде комиссиялық алымнан 100% жеңілдік*

*салымды ашу немесе шарттық соманы көбейту үшін

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі енді депозитті тегін ашуға мүмкіндік береді

Жинақтау шотын ашып, бірден шарттық соманың 10%-ын депозитке салған адамдарға комиссия төлемей-ақ депозит ашуға мүмкіндік беріліп отыр. Ал, алғашқы салым ретінде шарттық соманың 5%-ын шотына салған клиенттерге комиссиялық алымға 50% жеңілдік беріледі.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің баспасөз қызметінің айтуынша, 0,55% көлемінде жинақ шартын ашуға алынатын қатардағы комиссиялық алым ұсталынады. Банк ережесі бойынша, ол 500 АЕК-тен аз болмауы тиіс. Бұл – 1 миллионға жуық теңге. Осылайша, қазір банк салымшыларына 2,5 мыңнан 5 мың теңгеге дейін үнем жасауына мүмкіндік туып отыр.

ҚТҚЖБ-ның статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, салымшының шотында жинақтауды қалайтын орташа қаражаты – 2,2 миллион теңге. Бұл – депозит ашу кезінде көбірек үнемдеуге болады деген сөз.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің «Депозит тол-

тыруға бонус» акциясы сәуір айынан басталды. Өлі 4 айға дейін жалғасады. Осы кезең ішінде шарттық соманы көбейткісі келетіндер де осы акцияны пайдалана алады.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі өкілдерінің айтуынша, кез келген бөлімде шот ашуыңызға немесе үйіңізге немесе кеңсеңізге штаттан тыс агент-кеңесші шақыруыңызға болады. Депозит ашу үшін тек жеке куәлігіңізді ұмытпасаңыз болғаны.

Банк қолайлы тарифтік бағдарламалар ұсынады. Олар жинақтау мерзіміне және жылдық 3,5-тен 9,5%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелеріне қарай ерекшеленеді. Сосын, депозитті болса, ҚТҚЖБ салымшылары тиімді талаптармен жылжымайтын мүлік сатып алады немесе «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасына қатыса алады.

Естеріңізге сала кетсек, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ еншілес компаниясы.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Ауылшаруашылығы — жетекші сала

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанай облысы
республикадағы
жоғары астықты
аймақ. Сондықтан
өңірдің негізгі
экономикалық өсім
көзі — ауыл
шаруашылығы мен
өнеркәсіп. Жалпы



биылғы жылдың I тоқсанының қорытындысына сай
облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақты.
Бұл туралы облыстық экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасының басшысы Ерлан Спанов
кезекті брифингте айтты.

Облыста биылғы жылдың алғашқы үш айында өңдеу саласын-
дағы өндіріс 11,8%-ға өсті. Аталмыш секторда азық-түлік өнімдерінің
өндірісі 50%-дан асады. Атап айтқанда ұн — 7%-ға, алкогольсіз су-
сындар — 6%-ға, нан — 4,6%-ға, шұжық өнімдері — 6,2 %-ға өсті. Қос-
танайлық өнімдерге республиканың өзге де аймақтарынан сұраныс
мол екенін көрсетіп отыр. Десек те, әлемдік экономикалық ахуал біздің
өңірімізге де өз әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Мәселен, Ресейде
көлік бағасының арзандауы облыстағы автоиндустрия саласына те-
жеу болуда. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін облыстағы сауда
сөрелеріне "Қазақстанда жасалған" деген логотип ілінді.

Ауыл шаруашылығы — өңірдегі жетекші саланың бірі. Облыс
тұрғындарының 38%-ы осы салада жұмыс істейді. Аталған секторға
демеу білдіру мақсатында "Агробизнес-2020" бағдарламасы бой-
ынша тиісті қолдау жасалып жатыр. Нәтижесінде соңғы жылдары
мал басы өсіп, құс саны көбейген.

Жергілікті халықтың орташа айлық еңбекақысы 89 971 теңгені
құрап отыр. Бұл көрсеткіш 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы
8,4%-ға өскен. Ең жоғары жалақыны тау-кен өндірісі, қаржы, сақтан-
дыру салаларының қызметкерлері алады. Ал ең аз жалақы мәдени-
ет, қызмет көрсету салаларының мамандарына тиесілі.

— Әлемдік дағдарысқа байланысты біздегі даму жұмыстарына
бөлінген қаржы қысқарды. Ал басталған жобалар әрі қарай жалға-
сады. 2015 жылға облыстық бюджеттен жолға 8,6 млрд. теңге қарас-
тырылған. Бұл қаржының есебінен жолды жөндеу, тазарту, қадағлау
жұмыстары жүргізілмек, — деді Қостанай облыстық экономика және
бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Ерлан Спанов.

СУРЕТТЕ: облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау
басқармасының басшысы Ерлан Спанов.
Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Ардагерлер сенбілікке шықты



Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Қар еріп, күннің жылынысымен қала көшелерінде
көктемгі тазалық пен көріктендіру жұмыстары басталып
кетті. Барлық еңбек ұжымдарын қамтыған сенбіліктерге
ардагерлер де бір кісідей атсалысып отыр.

"Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын" деген қағиданы ұстанған
қариялар "жасымыз келді немесе денсаулығымыз жарамайды" деп
үйде қол қусырып отыра алмады. Қайта жастарға үлгі болып, өнеге
көрсетуді жөн санады. Бір жағынан таза ауа жұтып, еңбекке араласу
денсаулыққа пайдасы мол. Бұл жолы ардагерлерге үлестірілген учас-
ке Иван Франко көшесі болды. Онда тарихи-өлкетану мұражайы, ҰОС
мен Ауған соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіштер аллея-
сы орналасқаны белгілі. Екі жүзге жуық ардагермен қатар көлік және
құрылыс колледжі мен №19 қазақ орта мектебінің оқушылары да
қолдарына күрек-кетпенін ұстады. Учаскені қыс мезгілінен кейінгі
қоқыс-қалдықтардан тазартып, ағаштарды түптеді. Сенбілік жұмыс-
тарының бел ортасынан табылған Ұлы Отан соғысының ардагері
Константин Брезговинның жасына қарамастан қимылы ширақ, көңіл-
күйі көтеріңкі.



Банк ВТБ (Қазақстан) халықтың мерзімді салымдар ашуға қызығушылығы арта түскенін анықтады



Банк ВТБ (Қазақстан)
мерзімді салымдары халық-
тың сұранысына ие болды —
оған депозиттік портфельдің
тұрақты түрде өсуі және Банк-
ке келушілердің серпіні дәлел
бола алады. 2015 жылдың
басынан бастап Банк ВТБ
(Қазақстан) Контакт-орталығы
58 мыңнан аса клиенттердің
қоңырауларын өңдеді, өткен
жылдың осыған ұқсас кезеңі-
мен салыстырғанда қоңырау-
лар саны 6% ұлғайған. Кон-
такт-орталық бір айда орта
есеппен Қазақстанның бар-
лық жерінен түсетін 20 мыңға
жуық қоңырауларды өңдейді.

Банк салымдар талаптарын
орналастыру мерзімі мен та-
быстылығы бөлігінде жетілді-
ру бойынша тұрақты жұмыс
істеуде. Ақпанның басында
клиенттерге арнайы "жылдық
+1%" акция ұсынылды, оның
аясында "Сберегательный"

және "Накопительный" са-
лымдары бойынша қосымша
сыйақы есептеледі.

Банк ВТБ (Қазақстан)
мерзімді салымдар қатары
клиенттердің ақша қаражатын
сақтау мерзімінің кең таңдау-
ымен және депозитті толық-
тыру және ішінара ақша алу
мүмкіндігі сынды опциялар-
мен ерекшеленеді. Төменде-
тілмейтін қалдықтың ыңғайлы
сомалары жинақтарды ора-
лымды басқаруға мүмкіндік
береді. Қысқа және ұзақ мер-
зімге орналастырылған са-
лымдар үшін жоғары сыйақы
мөлшерлемесі белгіленген.

Бүгінгі таңда Банк өзінің
клиенттеріне мынадай салым
түрлерін ұсынады: "Сберега-
тельный", "Накопительный",
"Щедрый" және "Стабильный",
ең жоғарғы тиімді жылдық
сыйақы мөлшерлемесі теңге-
мен 10,5%, АҚШ доллары,

евро және ресей рублімен 3%.
Барлық салымдар "Қазақ-
станның депозиттерге кепіл-
дік беру қоры" АҚ сенімді сақ-
тандырылған.

Ресейдегі орасан зор, бе-
делі мен кепілдіктері Ресей-
дегі қомақты депозиттік порт-
фельімен расталатын ВТБ-ның
еншілес Банкі бола отырып,
Банк ВТБ (Қазақстан) өз
клиенттеріне одан әрі де жо-
ғары халықаралық деңгейдегі
тиімді өнімдерін ұсынуды
ниет етеді.

Анықтамалық:

*Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ
ЕҰ — бұл ірі ресейлік Банк ВТБ
ААҚ 100% еншілес банкісі.*

*ҚР Ұлттық Банкінің 2014
жылғы 23 желтоқсандағы
№1.2.14/39 лицензиясы.*

*Банкке Standard & Poor's
агенттігінен "BB+/" деңгей-
дегі "Жағымсыз" болжам ха-
лықаралық рейтингі ұсыныл-
ды.*

*Банк ВТБ және оның енші-
лес компаниялары ресей
және шетел нарығында өз
қызметін жүргізетін халық-
аралық қаржы тобын түзеді.
ВТБ тобы — бұл 20 ТМД,
Еуропа, Азия және Африка
елдерінде 30 астам банк және
қаржылық компаниялары бар.
ВТБ негізгі акционері — Ресей
Федерациясының Үкіметі
(60,9%).*

● ҚОЛЖЕТИМДІ БАСПАНА

Ұлт тірегі — отбасы

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Шаңырақтың шаттыққа
толып, босағасы берік
болуы ер мен әйелге ортақ
міндет. Дәстүрлі
отбасының
құндылықтарын жастарға
насихаттау мақсатында
елімізде "Отбасыларды
қолдау апталығы" акциясы
жүзеге асуда. "Нұр Отан"
партиясының бұл
бастамасы 20 сәуірде
басталды.

Аталмыш партияның Қос-
танай облыстық филиалы респуб-
ликалық акция аясында жас от-
басыларға кеңес беру шарасын
ұйымдастырды. Оған "Тұрғын үй
құрылыс жинақ банкінің" маман-
дары, психологтар және партия
белсенділері қатысып, азамат-
тардың сұрақтарына жауап
берді. Өңірлерді дамытудың
2020 жылға дейінгі бағдарлама-
сы "Қолжетімді тұрғын үй—2020"
мемлекеттік бағдарламасына
қатысу, жүктілік кезінде және
бала бір жасқа толғанша төле-
нетін әртүрлі жәрдемақылар ту-
ралы ақпараттар таратты.

— Акция "Бақытты отбасы"
партиялық жобасының шеңбе-
рінде жүзеге асуда. Біздің мақса-



тымыз — әрбір отбасыға көмек
беру және өзге де салаларда мем-
лекет тарапынан жасалатын же-
ңілдіктер туралы түсіндіру. Апта-
лық облыс аумағында екінші жыл
қатарынан өтіп отыр. Осы уақытқа
дейін ата-аналарға психология-
лық семинар-тренингтер ұйым-
дастырған едік. Ал биыл жас от-
басылармен кездесуді жөн көрдік,
— деді "Нұр Отан" партиясы ҚОФ
кеңесшісі Абылайхан Кәкенов.

Кеңес беру шарасында Тұрғын
үй құрылыс жинақ банкінің қыз-
меткерлері "Қолжетімді тұрғын
үй—2020" мемлекеттік бағдарла-
масының шарттары мен талапта-
рын баяндап берді.

— Бағдарламаға Қазақстанның

кез келген тұрғыны қатыса ала-
ды. Соның ішінде жас отбасы-
ларға арналған тұрғын үйлер ке-
мінде екі жыл некеде тұрған жас
отбасыларға беріледі (жұбай-
лардың екеуінің де жасы 29-дан
аспауы қажет). Сондай-ақ бала
тәрбиелеп отырған, жасы 29-ға
толмаған, жалғыз басты ата-ана-
лар, толық емес отбасылар қаты-
са алады — деді "Тұрғын үй құры-
лыс жинақ банкінің" ҚОФ дирек-
торының орынбасары Дәурен
Есембеков.

СУРЕТТЕ: кеңес беру іс-ша-
расынан көрініс.

**Суретті түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**



● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Әр хатта – ерлік шежіресі

1945 жылғы Ұлы Жеңіс шеруіне қатысқан

жауынгер Имақ Жанғалиев туралы сөз

Сәлім

МЕҢДІБАЙ

Ол 1915 жылы туған, 1939 жылы әскер қатарына Қостанай облысы Демьянов ауданынан шақырылған. 1941 жылы соғыс басталғанда Имақ теміржол әскері қатарында майданға қару-жарақ жеткізумен айналысады, бұлардың эшелондары талай жау бомбасының астында қалады.

Ал 1942 жылы шілде айында пулеметшілер бөлімшесінің командирі ретінде Сталинград үшін кескілескен шайқастарға қатысады. Жаралы болады, Саратов қаласындағы госпитальда емделіп, қайта сапқа тұрады.

Курск бағытындағы шайқаста тағы да ауыр жарақат алады. Сонда да минометті тастамай оқ жаудырады, оның снарядынан 6 пулемет нүктесі, 40 шақты фашистің көзі жойылады. Біздің әскер шабуылға шығуға мүмкіндік алады.

Ол Беларусь, Польша, Австрия, Чехословакияны азат ету операцияларында тағы да екі рет жараланады.

1944 жылы Имақ 850-атқыштар полкінің барлаушылар бөлімшесінің командирі бола жүріп, бірінен соң бірі екі неміс офицерін тұтқынға алады. Сол ерлігі үшін бір емес, екі



«Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Бірде барлаушыларға тіл әкелуге бұйрық беріледі. Қыркүйек айы. Түні бойы өзен ішінде отырып, қарсы беттегі жаудың қимылын бақылайды. Олар ұйқыға кетті-ау деген сәтте түн жамылып келіп, күзетшіні өлтіріп, неміс офицерін тұтқынға алады, бірақ қарсыластар сезіп қалып, сондарына түседі. Бірақ әккі барлаушылар өз бөлімшесіне олжасымен аман жетеді.

Имекең «Қызыл Жұлдыз», III дәрежелі «Даңқ» ордендерімен және медальдармен марапатталады.

Майдангердің бүкіл өмір бойы естен кетпес оқиғасы – ол 1945 жылғы маусым айында өткен жеңімпаздардың Москвада өткен шеруіне қатысуы. Ол I

Украина майданы 2 құрама батальонының қатарында Қызыл алаңнан еңсесін тік ұстап, Елі үшін мақтаныш сезіммен нық басып өтіп еді.

Жеңіс шеруінен кейін өз бөлімшесіне келіп, қазан айына дейін қызмет етеді. Елге оралысымен тракторшы болды, Қазен атты қызға үйленіп, ұлы дүниеге келді. Қазір жеңімпаз жауынгердің үш немере, алты шөбересі бар екен.

СУРЕТТЕ: Имақ Жанғалиев.

Жеңісті жақындатқан

қимас жандар туралы бірер сөз

Байғожа ауылынан Ұлы Отан соғысына жетпіс азамат аттанған. Соның ішінен он алтысы ғана елге келген. Менің атам, яғни әкем Ыбырайдың немере ағасы Баяхмет Ділмағамбетұлы да соғысқа қатысып, 1943 жылы Брянск майданында болған. Карпат үшін соғыста жараланып, госпитальда емделіп, елге оралды. Соғыста "Ерлігі үшін" медалімен марапатталған. Соғыстан кейін атам колхозда бригадир болып, абыройлы еңбек еткен. Өкінішке қарай, майданда алған сол бір жарақаттың салдарынан 1984 жылдың қарашасында көз жұмды. Артында бір қызы қалған, оның да ғұмыры қысқа болды. Жалғыз қызынан қалған жиен немерелері бар.

Ал, әкемнің туған ағасы Әбіш Бірмағамбет 1921 жылы туған. 1942 жылы Боровской ауданындағы механизация мектебінде оқып жүрген жерінен соғысқа аттанған. Шұбаркөлде әскери дайындықтан өткен соң, ұрыс даласына жіберілген. Қан майданда жүргенде одан екі рет хат келген екен. Бір хатында соғысқа кірейін деп жатқандығын



жазыпты, содан кейін хабар-ошарсыз кеткен. Жазған хаты 1956 жылы жоғалып қалыпты. Ал, әкем соғыс уақытында үлкендермен бірге күн-түн демей жұмыс істеді. Көп қиындық көргенін айтып отыратын. Әкешеміз 4 ұл, 2 қыз өсіріп, оқытып жеткізді. Шүкір, бұл күнде олардың артында қалған ұрпағы мәуелі бәйтеректей өсіп-өнді.

1901 жылы Обаған селосында дүниеге келген нағашы атамыз Исабаев Мырзахмет те



1941 жылы соғысқа шақырылып, 1942 жылы хабарсыз кеткен. Мына фотосуреттегі әскери киімдегі сол нағашым, әттең, бұл кісіні білетіндер бар ма екен? Атамның өз ағасы Қарахмет те соғыста қаза болған. Сондықтан, мен де осы аталарымның есімдері атаусыз қалмай, мәңгілік есте қалсын деген ниетпен қолыма қалам алған едім.

Әбілқасым
ЫБЫРАЙҰЛЫ.

Степанов ауылы,
Меңдіқара ауданы.

Адал ұл – ел тірегі

Мен Ұлы Отан соғысы жылдары туған перзенттің бірімін. Елдің соғыстан кейінгі тыныс-тіршілігін, әкесіз өскен баланы, жесір қалып, жанұяның тауқыметін көтерген аналарды көрдік. Отан соғысының батырларын кітаптан оқып, кинофильмдегі кейіпкерлерге еліктеп, патриоттық сезім қалыптасты. Әрі өз әкем де майдангер еді.

Әкем Станкин Молдаш Тасбайұлы 1917 жылы 6 қарашада туған. Екі жасынан әкесінен, 20 жасында шешесінен жетім қалып, әкесінің ағасы Тастан атамның қолында өскен.

1938 жылы әскер қатарына Меңдіқара әскери комиссариатынан шақырылады. Партия қатарына да 1938 жылы өтеді және офицер құрамында болады. Соғысқа дейін Эстония жерінде әскери борышын өтейді. Өзі "мені Армия тәрбиеледі" деуші еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Фин соғысына, Москваны, Новгородты қорғауға қатысады. Соғыста арнайы дайындықтан өткен лейтенант М.Станкин №382 атқыштар дивизиясының №1267 атқыштар полкі, №9 ротасына командирдің саяси орынбасары болып тағайындалады. Бұл ротада әр ұлттың өкілдері бар еді. Өзгелерге қарағанда қазақ жігіттері батыл да, табанды, берілген тапсырманы мүлтіксіз орындайтын дейтін.

1943 жылы Старая Русса түбінде барлауға жіберілген үш жауынгердің екеуі қаза тауып, әкем ауыр жараланып, 9 ай Мурманскінің госпиталінде емделіп, әскери қызметке жарамсыз деп елге оралады.

Маған соғыстан аман оралғаным, сенің дүниеге келер бұйрығың деуші еді. Елде соғыстан оралуын 5 жыл күткен сүйген қызы Қамида (анам) бар еді.

Талай сыннан сүрінбей өткен бұл жұп өмірде біздер, балалары үшін адалдық пен адамгершіліктің, шынайы сезімнің, мейірімділік пен жомарттықтың, еңбексүйгіштіктің, төзімділіктің үлгісі бола білді.

Әкем елге оралысымен Қостанай облысы Демьяновка аудандық партия комитетіне жұмысқа орналасты.

1945-1953 жылдары Күнтимес, Есмұрза мектептерінде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді.

1954 жылдан зейнеткерлікке шыққанша Ленин ауданы Аманкөлдi ауылында кітапхана меңгерушісі және жергілікті партия ұйымының хатшысы болды. Бұл тың көтеру науқанымен тұспа-тұс келген кезең еді.

Еңбек жолы елеусіз қалған жоқ, есімі Қостанай облысы Демьяновка ауданының (Ұзынкөл) Құрмет кітабына жазылды. I-дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Алланың жазуымен 1986 жылы 12 сәуірде дүниеден озды.

Біздің санамызда мәңгі өшпес адамгершілік пен әділдікті жоғары ұстаған жарқын бейнесі қалды.

3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп, бәрімізге жоғары білім беріп, әр саланың маманы етті. Өзі дүниеден озғанда жас қалған Тимурі шаңырағын ұстап, екі баланың әкесі, жары Балқиямен Ұзынкөл селосында энергетика саласында жұмыс істейді.

Сұлушаш

ҚОЖАХМЕТОВА,
майдангердің
қызы, зейнеткер.
Қостанай қаласы.

СУРЕТТЕ: Молдаш
Станкин.



Естен кетпес кездесу

немесе Рейхстагқа ту тіккен, әйгілі рота командирі,
Кеңес Одағының Батыры Илья Сьянов айтқан әңгіме

Кездесу сол кездегі Семиозер ауданы Сұлукөл орта мектебінде болды. Бұл 1975 жыл еді, Ұлы Жеңістің 30 жылдығы қарсаңы болатын. Мен осындағы орта мектеп директоры едім.

Белгіленген уақытта кеңшар басшысы Қ.Тұрғымбаев, совхоз партком хатшысы Н.Ефименко, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Ж. Байжанов және Ұлы Отан соғысының қас батыры И.Сьянов төрге озды.

Илья Яковлевич жауынгерлік жолы туралы, Рейхстагқа ту тіккен ерекше есте қалар сәт туралы тебірене айтты.

Сұрақтарға жауап бере келе ол Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың жау орда-сының бірінші қабатына 2 мамыр күні ту тіккенін еске алды және Рақымжанды көзі көргенін, оның ерекше қайсарлығы мен батырлығын әңгіме өзегіне айналдырды.

Ол Жеңіс туын Берлиннен



Москваға қалай жеткізгенін де ерекше қызықты әңгімеледі. Аспанға көтерілген Жеңіс туы бар ұшақты алды-артынан үш-үштен, екі қапталынан үш-үштен он екі ұшақ қорғап келеді. Ма-

ған да үлкен бір елдің патшасындай құрмет көрсетілуде, деді.

— Ақыры Москваға, Отанымыздың астанасына жетіп, Сталиннің кабинетінде ерекше сал-

танатпен Жеңіс туын маршал Г.К.Жуковтың қолына ұстаттым. Мұндай сәт ешқашан ұмытылмас, — дегені есте.

Кездесу соңында оқушылар Батырмен бірге суретке түсті.

(Газетте жарияланып отырған сол сурет).

Сүгірәлі НӘБИЕВ,
Қазақстан халық ағарту
ісінің үздігі, зейнеткер.

Нағыз сардар

Қабдеш Есетов туралы сөз



Қабдеш Есетов (құжаттарында Исетов) Меңдіқара ауданы Ақсуат ауылында 1922 жылы 20 мамырда туған екен. 1939 жылы Қостанай педагогикалық училищесін бітіріп, сол жылы әскери борышын өтеуге аттанады. Содан соғыс басталады. Сол қанды қырғынның алғашқы күнінен алғы шепте болып, Жапон соғысына да қатысады.

Осы майдангер ағамыздың немересі Арман атасының майдандағы ерлігіне қатысты құжаттарды тауып, маған жолдаған екен. Оны оқып отырып, ауылдас, аталас ағамыздың көзсіз ерлігіне тәнті болдым. Қиын-қыстау кезде тұтқынға түсіп, неміс лагерінен қашып шығуының өзі не тұрады? Оны айтасыз, өз әскерлеріне қосылған соң Отан үшін от кешкен жауынгерге сенімсіздік көрсетіп, қорлауы, намысқа тиюі не деген сұмдық еді. Қайыспас қайсар офицер ақыры өзінің адал да ержүрек жан екенін дәлелдеп шығады.

Қолдағы құжаттарды парақтап отырмын: 1944 жылғы 5 ақпандағы Приморск

майданы 29 жеке миномет бригадасы командирінің бұйрығымен КСРО Жоғарғы Кеңесінің атынан 2-дивизионның барлау бастығы лейтенант Исетов Қабдеш «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталыпты. Сол жылғы 19 мамырда аға лейтенант Исетов Қабдеш екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденін алыпты. 23 тамызда взвод командирі, аға лейтенант Қабдеш Исетов екінші рет «Қызыл Жұлдыз» орденін омырауға тағыпты.

Соғыстан кейін ержүрек сардар Семиозер ауданы Қарақалпақ орта мектебінде мұғалім болады. Отбасында төрт ұл өсірген, олардан тараған ұрпақтың өзі бір ауыл десе жарасар.

1972 жылы 25 шілдеде дүниеден өткен, сол Қарақалпақ ауылында жерленген.

Абдрахман БЕКМАҒАНБЕТ.

Қостанай қаласы.

СУРЕТТЕ: майдандас достар, оң жақтан бірінші отырған Қабдеш Исетов.

● ҰРПАҚ МАҚТАНЫШЫ

Мәңгі қарыздармыз

Атам, Нұрманов Қуанышбай, Аманкелді ауданының №13 Октябрь ауылында 1925 жылы 25 қазанда дүниеге келген. 1941 жылы әскерге шақырылған. Челябин облысында дайындықтан өткен. Қиын шайқас үстінде екі аяғына оқ тиіп және таңдайынан жараланған соң, госпитальға түседі. Жеңістің мерекелік медальдарымен және Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуковтың медалімен марапатталған. 1944 жылы елге оралған. Ынталы ауылында басқарма болып қызмет атқарған. 1955 жылдан "Дәмді" совхозында бақташы болып істеген. 1962-1966 жылдары егін қорғаушы болған. 1977 жылы 22 қазанда қайтыс болған. Мен бұл деректерді әкем мен анамның айтуы бойынша білдім. Оларды тыңдай отырып соғыс деген сөздің өзі қорқынышты екенін, халықтың көрген қиыншылығын елестетемін.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне қойылған ескерткіштерге қарап, ата-баба ерлігін көз алдыма елестетемін. Жеңіс күнін, тыныш өмірді сыйлаған, ерлік жасаған майдангер аталарымызға мәңгі қарыздармыз.



Ардагердің немересі:

Ботагөз НҰРМАН,

2"а" сынып оқушысы,

№ 28 Құсмұрын орта мектебі.

Әуликөл ауданы.

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Боздақтар» кітабына жазылған екен

Газетіміздің 10 сәуір күнгі санындағы «Әр хатта — ерлік шежіресі» атты топтама Анар Қабылованың «Тиісті құрмет жасалса игі» атты мақаласы жарияланған еді. Онда автор майдангер атасы Нұрмағамбетов Қабыл туралы айта келіп, оның есімін естелік кітапқа жазса деген ойын жеткізген болатын. Осы мақала туралы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Үкіұлы редакцияға хабарласып, майдангер Нұрмағамбетов Қабылдың есімі 1997 жылы Алматыдан, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан шыққан «Боздақтар» кітабының 3 томында бар екенін айтты. (Кітаптың 604 беті).

Редакциядан: Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында майдангерлердің бүгінгі ұрпағы сол бір сұрапыл соғысқа қатысқан жандар туралы жиі жазатын болды. Ұрыс даласынан оралмаған, елге аман-есен келіп, жасы жетіп дүниеден өткен, ортамызды толтырып, ағалық ақ пейілі пен өнеге-үлгісін көрсетіп жүрген арыстар туралы не мадақ сөз айтсаң да жарасады. Дегенмен газеттің шектеулі көлемінің бұған мұрша бермейтінін де тағы бір еске сала кеткен артық болмас.

Жобаның жетекшісі Сәлім МЕНДІБАЙ



27 сәуір, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 Апта. 11.05 Айтуға оңай... 11.45 Т.х. "Қыздар". 12.30 Жаңалықтар. 12.55 Дауа. 13.25 Білгірлер бейгесі. 14.15 Ақсауыт. 14.50 М.ф. 15.05 Әйел бақыты. 16.10 "Келін". 17.00 Менің Қазақстаным. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Әзекарды. 18.10 Айналайын. 18.50 Заң және біз. 19.35 "Қыздар". 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Айтуға оңай. 21.50 Т.х. "Сырғалым". 22.50 "Келін". 23.40 Сіз не дейсіз? 0.10 Жаңалықтар.

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жеті күн. 11.05 Д.ф. "Әр үйдің сыры басқа". 11.40 Магия кухни. 12.15 М.ф. 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.00 Т.х. "Улыбка пересмешника". 15.00 Новости. 15.15 Бұйымтай. 15.55 Өмір сабақтары. 16.25 Т.с. "Пәленшеевтер". 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Көзқарас. 17.45 Қызық times. 18.00 Ново-

сти. 18.15 Қызық times. 19.00 ТВ Бинго. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Арнайы хабар. 21.00 Новости. 21.30 Т.с. "Слово офицера". 22.00 Т.с. "А у нас во дворе". 22.50 Жөкпе-жөк. 23.35 Бұйымтай.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Арқа-ақпарат. 9.30 Волшебный фонарь. 9.55, 11.20, 12.25, 13.55, 15.10, 16.55, 18.25, 20.55, 22.50, 23.05 Телемаркет. 10.00 Арқа-ақпарат. 10.35 Т.с. "Карусель". 11.30 Первая студия. 12.00 Д.ф. Кедегісіз өмір". 12.30 Этноөлем. 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Жаңалықтар. 13.50 Пока жива память. 14.00 Т.х. "Клятва отца". 15.15 Д.с. "Паула". 16.00 Т.х. "Болашақ". 17.00 Магия природы. 17.30 М.с. 17.45 Мәңгілік рух. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Қазақстан 2050. 18.25 Новости. 18.50 Пока жива память. 18.55 Д.с. "Чудеса природы". 19.30 Бірінші студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Элегиалық эсселер. 21.00 Новости. 21.30 Пока жива память. 21.35 "Карусель". 22.35 Т.х. "Нояндар". 0.20 Жаңалықтар.

28 сәуір, сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Сырғалым". 10.50 Айтуға оңай... 11.35 "Қыздар". 12.30 Жаңалықтар. 12.45 Ұлы Жеңіске - 70 жыл. 12.55 Спорт. 13.15 Алаң. 14.00 Сыр сұхбат. 14.30 М.ф. 15.05 Әйел бақыты. 16.10 "Келін". 17.00 Келбет. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Әзекарды. 18.10 Айналайын. 19.10 Қылмыс пен жаза. 19.35 "Қыздар". 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Айтуға оңай... 21.50 "Сырғалым". 22.50 "Келін". 23.40 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 0.10 Жаңалықтар.

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.15 М.с. 11.00 Новости. 11.15 Д.ф. "Әр үйдің сыры басқа". 11.45 Магия кухни. 12.15 "Слово офицера". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.00 "Улыбка пересмешника". 15.00 Новости. 15.15 Бұйымтай. 15.55 Өмір сабақтары. 16.30 "Пәленшеевтер". 17.00 Жаңалықтар. 17.15

Көзқарас. 17.45 Экономкласс. 18.00 Новости. 18.15 Т.х. "Сұлтан Сүлейман". 19.00 Біздің үй. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Бюро расследований. 21.00 Новости. 21.30 "Слово офицера". 22.00 "А у нас во дворе". 22.50 Арнайы хабар. 23.20 Бұйымтай.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.25, 9.55, 11.25, 12.25, 13.55, 15.10, 16.55, 18.25, 22.50, 0.15 Телемаркет. 9.30 М.с. 10.00 Новости. 10.30 "Карусель". 11.30 Бірінші студия. 12.00 "Кедегісіз өмір". 12.30 Высота воли. 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Жаңалықтар. 13.55 Пока жива память. 14.00 "Клятва отца". 15.15 "Паула". 16.00 "Болашақ". 17.00 Магия природы. 17.30 М.с. 17.45 Мәңгілік рух. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Даму дінгектері. 18.25 Новости. 18.50 Пока жива память. 18.55 Д.с. "Чудеса природы". 19.30 Бірінші студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Дамафон. 21.00 Новости. 21.30 Пока жива память. 21.35 "Маруся". 22.35 "Нояндар". 0.20 Жаңалықтар.

29 сәуір, сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Сырғалым". 10.50 Айтуға оңай. 11.35 "Қыздар". 12.30 Жаңалықтар. 12.55 Заң және біз. 14.00 Поэзия әлемі. 14.30 М.ф. 15.05 Әйел бақыты. 16.10 "Келін". 17.00 Қамал қорғаған қазақ. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Әзекарды. 18.10 Айналайын. 19.10 Журналистік зерттеу. 19.35 "Қыздар". 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Айтуға оңай... 21.50 Т.х. "Көк тарландары". 22.50 "Келін". 23.40 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 0.15 Жаңалықтар.

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.15 М.с. 11.00 Новости. 11.15 Д.ф. "Әр үйдің сыры басқа". 11.45 Магия кухни. 12.25 "Слово офицера". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.00 "Улыбка пересмешника". 15.00 Новости. 15.15 Бұйымтай. 15.55 Өмір сабақтары. 16.25 "Пәленшеевтер". 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Көзқарас. 17.45 100 бизнес-историй. 18.00

Новости. 18.15 "Сұлтан Сүлейман". 19.10 Біздің үй. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Д.ф. "Верховенство закона как стратегический фактор развития страны". 21.00 Новости. 21.30 "Слово офицера". 22.00 "А у нас во дворе". 22.50 Біздің үй. 23.40 Бұйымтай.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.25, 9.55, 11.25, 12.25, 13.55, 15.10, 16.55, 18.25, 22.50, 0.15 Телемаркет. 9.30 М.с. 10.00 Новости. 10.30 "Маруся". 11.30 Бірінші студия. 12.00 "Жаңа индустрияландыру". 12.30 Этноөлем. 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Жаңалықтар. 13.55 Пока жива память. 14.00 "Клятва отца". 15.15 "Паула". 16.00 "Болашақ". 17.00 Магия природы. 17.30 М.с. 17.45 Мәңгілік рух. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Регион'10. 18.25 Новости. 18.50 Пока жива память. 18.55 Д.с. "Чудеса природы". 19.30 Бірінші студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Сап түзеі. 21.00 Новости. 21.30 Пока жива память. 21.35 "Маруся". 22.35 "Нояндар". 0.20 Жаңалықтар.

30 сәуір, бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Сырғалым". 10.50 Айтуға оңай... 11.35 "Қыздар". 12.30 Жаңалықтар. 12.55 Агробизнес. 13.20 Журналистік зерттеу. 14.10 Жан жылуы. 14.35 М.х. 15.05 Әйел бақыты. 16.10 "Келін". 17.00 "Қазақ даласының құпиялары". 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Әзекарды. 18.10 Айналайын. 19.10 Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. 19.35 "Қыздар". 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Айтуға оңай... 21.50 "Көк тарландары". 22.50 "Келін". 23.40 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 0.15 Жаңалықтар.

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.15 М.с. 11.00 Новости. 11.15 Д.ф. "Әр үйдің сыры басқа". 11.45 Магия кухни. 12.25 "Слово офицера". 13.00 Жаңалық-

тар. 13.00 "Семейные мелодрамы". 14.00 "Улыбка пересмешника". 15.00 Новости. 15.15 Бұйымтай. 15.45 Өмір сабақтары. 16.25 "Пәленшеевтер". 17.00 Жаңалықтар. 17.15 Көзқарас. 17.45 Бизнес сыры. 18.00 Новости. 18.15 "Сұлтан Сүлейман". 19.05 Жөкпе-жөк. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Моя история войны. 21.00 Новости. 21.30 "Слово офицера". 22.00 "А у нас во дворе". 22.50 Біздің үй. 23.40 Бұйымтай.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.25, 9.55, 11.25, 12.25, 13.55, 15.10, 16.55, 18.25, 22.50, 0.15 Телемаркет. 9.30 М.с. 10.00 Новости. 10.30 "Маруся". 11.30 Бірінші студия. 12.00 "Ел үміті". 12.30 Этноөлем. 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Жаңалықтар. 13.55 Пока жива память. 14.00 "Клятва отца". 15.15 "Паула".

АСТАНА

7.00 Ән шашу. 8.00 Kaznet. 8.20 Суперпапа. 9.00 Т.х. "Өзгерген өмір". 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Т.с. "Фериха". 11.30 Т.х. "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Ән мен әзіл. 14.00 Новости. 14.10 Т.с. "Сын отца народов". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.40 "20:30". 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Сын отца народов". 22.00 "Фериха". 23.00 Кеш емес. 23.50 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "В поисках знаний". 10.05 Песни любви. 10.35 Өмір. Театр. Кино. 11.05 Бүгінгі ғылым. 11.30 Д.ф. "Кемел кеңістік". 12.05 "Дискавери Атлас". 13.00 Онлайн Астана. 14.05 Научная нефантастика. 15.00 Т.х. "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық". 16.00 "XXI ғасыр көшбасшысы". 17.30 Тарихтан бір күн. 18.05 "Дискавери Атлас". 19.20 Ученый совет. 20.10 Нұрлы Отау. 20.30 Наше кино. 21.00 Кітапхана. 21.30 Легенды и мифы Оперного. 22.00 Онлайн Астана. 22.50

АСТАНА

7.00 "20:30". 7.30 Жаңалықтар. 7.55 Astana live. 9.00 "Өзгерген өмір". 10.00 Жаңалықтар. 10.30 "Фериха". 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Кеш емес. 14.00 Новости. 14.10 "Сын отца народов". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.35 Kaznet. 17.00 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 Т.с. "Диверсант. Конеч войны". 22.00 "Фериха". 23.00 Әзілстан. 23.15 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "В поисках знаний". 10.05 Фасырлар пернесі. 10.35 Қылалам. 11.00 Легенды и мифы Оперного. 11.30 "Кемел кеңістік". 12.05 "Дискавери Атлас". 13.05 Онлайн Астана. 14.05 Нұрлы Отау. 15.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық". 16.00 Научная нефантастика. 16.25 Культурный код. 17.30 "Үкілі домбыра". 18.05 "Дискавери Атлас". 19.30 Бүгінгі ғылым. 21.40 Археология. Бабалар мұрасы. 22.00 Онлайн Астана. 22.50 Опера

АСТАНА

7.00 "20:30". 7.30 Жаңалықтар. 8.05 "Кто в доме хозяин?". 8.30 Такси. 9.00 "Өзгерген өмір". 10.00 Жаңалықтар. 10.30 "Фериха". 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Дүние жарық. 14.00 Новости. 14.10 "Диверсант. Конеч войны". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.35 Kaznet. 17.00 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Диверсант. Конеч войны". 22.00 "Фериха". 23.00 Ән мен әзіл. 23.50 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "Окно в...". 9.40 TED. Идеи, достойные распространения. 10.05 "Фасырлар пернесі". 10.35 Кітапхана. 11.05 Реальная наука. 11.30 "Кемел кеңістік". 12.05 "Дискавери Атлас". 13.05 Онлайн Астана. 14.05 Өмір. Театр. Кино. 15.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық". 16.30 Тағдырлы хаттар. 17.00 Идеи, достойные распространения. 17.30 "Эйнштейн ізімен". 18.05 "Дискавери Атлас". 19.00 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 19.50 Тарих айнасы:

АСТАНА

7.00 "20:30". 7.30 Жаңалықтар. 8.00 "Кто в доме хозяин?". 8.30 Такси. 9.00 "Өзгерген өмір". 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Өзгерген өмір". 10.30 "Фериха". 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Біз бізгіміз. 13.35 Қалжың-қоржын. 14.00 Новости. 14.10 "Диверсант. Конеч войны". 15.15 "Өзгерген өмір". 16.35 Сделка. 17.00 Такси. 17.30 "Фериха". 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 Astana live. 22.00 "Фериха". 23.00 Sky-

Балет "Дон Кихот". 0.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық".

НТК

8.00 Ревю. 8.25 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 Однажды в России. 11.30 "Сашатаня". 12.00 "Деффчонки". 12.30 М.с. 15.30 Сәлем ВОХ. 16.30 "Жігіттің сабаздары". 18.00 Сулу бол! 19.00 "Деффчонки". 19.30 "Сашатаня". 20.00 Однажды в России. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 22.00 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Красавчик".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 14.30 Айна online. 15.00 "Гадалка". 16.00 "Красные горы". 17.00 Орел и решка. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30 Моя история. Д. Тен. 20.00 7 NEWS. 21.00 Х.ф. "Рэд 2". 23.00 Қорқыныш фак-

"Фауст". 0.00 "Таң бозынан Кэндлфордқа аттандық".

НТК

8.00 Ревю. 8.25 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 Однажды в России. 11.30 "Сашатаня". 12.00 "Деффчонки". 12.30 М.с. 15.30 Сәлем ВОХ. 16.30 "Жігіттің сабаздары". 18.00 Сулу бол! 19.00 "Деффчонки". 19.30 "Сашатаня". 20.00 Однажды в России. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 22.00 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Красавчик 2".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 14.30 Айна online. 15.00 "Гадалка". 16.00 "Красные горы". 17.00 Икона стили. 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30 Моя история. К.Болмазов. 20.00 7 NEWS. 21.00 Х.ф. "Брат 2". 23.00 Қорқы-

аңыз бен ақиқат. 21.30 Музей звуков. 22.00 Онлайн Астана. 22.50 Концерт. 0.00 "Эрмитаждағы бір сағат".

НТК

8.00 Ревю. 8.25 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 Однажды в России. 11.30 "Сашатаня". 12.00 "Деффчонки". 12.30 М.с. 15.30 Сәлем ВОХ. 16.30 "Жігіттің сабаздары". 18.00 Сулу бол! 19.00 "Деффчонки". 19.30 "Сашатаня". 20.00 Однажды в России. 20.30 Ревю. 21.00 "Универ". 22.00 "Интерны". 22.30 Ревю. 23.00 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Воды слонам!".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом! 10.00 О самом главном. 11.00 Домашний ресторан. 12.00 Баспана бабы. 13.00 Қыздар арасында. 14.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 14.30 Айна online. 15.00 "Гадалка". 16.00 "Красные горы". 17.00 BOOM! 18.00 "Арам ақша. Адал махаббат". 19.00 Айна online. 19.30 Моя история. А. Байбегин. 20.00 7 NEWS. 21.00 Х.ф. "Лекции для домохозяек". 23.00 Қор-

studio. 23.50 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 9.05 "Окно в...". 9.35 TED: Идеи, достойные распространения. 10.05 Сағыныш сазы. 10.35 Атақесіп. 11.00 "Эврика". 11.30 "Кемел кеңістік". 12.05 "Дискавери Атлас". 13.05 Онлайн Астана. 15.00 "Эрмитаждағы бір сағат". 16.00 "Пидер XXI века". 17.30 "Үкілі домбыра". 18.05 "Дискавери Атлас". 19.50 Қылқалам. 20.40 Семь муз. 21.00 Қазақстан в письмах. 21.20 "Танцующий мир". 22.00 Онлайн Астана. 22.50 "Лияс" драмасы.

НТК

8.00 Ревю. 8.25 Жасырын камера. 9.00 Ревю. 9.30 "Универ". 10.30 "Интерны". 11.00 Однажды в России. 11.30 "Сашатаня". 12.00 "Деффчон-

торы. 0.00 Т.с. "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 Т.с. "Сен келерсің 2". 8.00 Т.с. "Үмітінді үзбе". 9.00 Х.ф. "Вампир в Бруклине". 11.00 "Городские легенды". 12.00 Мультсериалы. 14.00 Т.с. "Мен саған ғашықпын". 15.00 Т.с. "Счастливы вместе". 18.00 Т.с. "Кухня". 19.00 Т.с. "Братя по обмену 2". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сен келерсің 2". 22.00 "Мен саған ғашықпын". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 00.00 Х.ф. "Марс атакует". 2.00 Әзіл студио.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Моя правда. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 В поисках истины. 14.00 Концерт Ж. Серкебаевы. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Б.Исмаиловтың сән үлгілері. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 По диким местам. 20.00 РТН. 20.30 Дело №. 20.50 Торговый дом. 21.10 В ладу с природой. 21.30 Landmarks. 22.00 РТН. 22.30 Baby ГИД. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Территория происшествий.

ныш факторы. 0.00 "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Сен келерсің 2". 8.00 "Үмітінді үзбе". 9.00 Х.ф. "Марс атакует". 11.00 "Городские легенды". 12.00 Мультсериалы. 14.00 "Мен саған ғашықпын". 15.00 "Счастливы вместе". 18.00 "Кухня". 19.00 "Братя по обмену 2". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сен келерсің 2". 22.00 "Мен саған ғашықпын". 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 00.00 Х.ф. "Мальчишник 2: Из Вегаса в Бангкок". 2.00 Әзіл студио.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 М.с. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 М.ф. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.с. "Госпожа горничная". 14.00 Дело №. 14.10 Солнечная кухня. 14.40 Landmarks. 15.00 Т.с. "Под прикрытием". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 А.Керімбекованың ән кеші. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қоғам және әйел. 20.00 РТН. 20.30 Винаж. 21.10 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Груп-

қыныш факторы. 0.00 "Сонная лощина".

шығармашылық көші. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Тіл және қоғам. 20.00 РТН. 20.30 ПроАгро. 21.00 "Госпожа горничная". 22.00 РТН. 22.30 Тет-а-тет. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Чужое лицо". 12.00 "Ду қол шоколад". 12.55 Жаңалықтар. 13.00 Лучший город.KZ. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.00

П@utina. 14.30 "Паутина-5". 15.30 112. 15.40 Судебные истории. 16.40 Давай поженимся. 17.50 Пусть говорят. 18.55 "Взгляд из вечности". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха

және Акбар". 23.20 П@utina. 23.45 Лучший город.KZ. 23.55 "У вас будет ребенок...".

КТК

7.00 "Япыр-ай". 7.45 Жаңалықтар.

тар. 8.10 "Қайран заман. Жалғасы". 9.10 "Сарай ханымдары". 10.10 Т.с. "Четыре времени лета". 12.00 Новости. 12.40 Черный квадрат. 13.10 "Шеф 2". 15.15 Не ври мне. 16.10 "Махаббатта шек бар ма?". 17.10

"Мұздан суық, оттан ыстық". 18.25 "Махаббатта шек бар ма?". 19.30 "Сарай ханымдары". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 "Офицерские жены". 23.55 "Шеф 2".

1 мамыр, жұма

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Көк тарландары". 10.50 Концерт. 11.50 "Қыздар". 12.40 Иман айнасы. 13.20 Ұлттық шоу. 14.25 М.х. 15.05 Әйел бақыты. 16.10 "Келін". 17.05 Жан жылуы. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Өзекжарды. 18.10 Ғасырлар үні. 18.40 Жайдарман. 19.00 Менің Қазақстаным. 19.35 "Қыздар". 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Айтуға оңай... 21.50 Концерт. 22.50 "Келін". 23.40 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 0.10 Жаңалықтар. 0.45 Өзекжарды. 1.05 К.ф. "Жиде. Кешіккен махаббат".

ХАБАР

7.00 Айтұмар. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.15 М.с. 11.00 Новости. 11.15 Д.ф. "Әр үйдің сыры басқа". 11.45 Магия кухни. 12.25 "Слово офицера". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.00 "Улыбка пересмешника". 15.00

2 мамыр, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.40 Агробизнес. 9.00 Сенбілік таң. 10.05 Дауа. 10.40 Ас болсын! 11.25 Әзіл әлемі. 13.00 Білгірлер бәйгесі. 13.45 Поэзия әлемі. 14.15 Т.х. "Ағайынды". 17.30 Жаңалықтар. 17.50 М.ф. 18.50 Б. Әшірбаевтің концерті. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Сенбілік кездесу. 22.35 Жайдарман. 0.10 Жаңалықтар. 0.45 К.ф. "Алаяқ Дик пен Джейн".

ХАБАР

7.00 Ду-думан. 8.30 Мир в картинках. 8.55 Бармысың, бауырым? 9.40 Продвопрос. 10.00 Спорт без границ. 10.25 М.ф. 11.40 Х.ф. "Отец солдата". 13.40 Орталық хабар. 14.35 Жеті ән. 16.15 Х.ф. "Сумерки. Сага. Новолуние". 18.30 Концерт. 19.45 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 "Ангелы войны". 23.50 Д.ф. "Солтүстік Америка". 0.55 Бокс. "Ми-

3 мамыр, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

8.00 Қымызхана. 8.30 Ақсауыт. 9.00 Бүгін жексенбі. 10.50 М.ф. 11.55 Шарайна. 12.25 Ұлттық шоу. 13.45 Жарқын бейне. 14.15 "Ағайынды". 16.50 Концерт. 18.20 Әзіл әлемі. 19.00 Апта. 21.05 С. Майғазиевтің шығармашылық көші. 23.55 К.ф. "Піл".

ХАБАР

7.00 Ду-думан. 8.10 Айбын. 8.40 Концерт. 9.00 Новости. 9.10 Ас арқау. 9.30 Спорт әлемі. 10.10 М.ф. 11.10 Х.ф. "Звездная болезнь". 13.15 Бенефис-шоу. 14.30 Д.ф. "Код мира и согласия". 15.15 Бұйымтай. 16.15 Өмір сабақтары. 17.00 Новости. 17.20 Концерт "Муз-АРТ". 19.00 Новости. 19.20 Қызық time. 20.00 Жаңалықтар. 21.00 Жеті

ланский гром" - "Астана Арланс".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Ертегілер еліне саяхат. 8.30, 8.55, 11.35, 11.55, 13.55, 16.20, 17.55, 18.25, 19.55 Телемаркет. 8.35 Мәңгілік рух. 8.40 Регион10. 9.00 "Паула". 9.30 Пока жива память. 9.35 К.ф. "Шерлок Холмс". 11.30 Ырыс алды - ынтымақ. 12.00 М.с. 12.30 Этноәлем. 13.00 Третий тайм. 13.25 Мәңгілік ел: одна страна - одна судьба. 14.00 13-й Чемпионат РК по волейболу. 17.15 Т.х. "Жас ұлан". 18.00 Д.ф. "Отбасы құндылықтары". 18.25 Мәңгілік рух. 18.30 Т.с. "Паудер Парк". 19.30 Элегиялық эсселер. 20.00 Алдаспан. 20.30 Ажар. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.30 К.ф. "Жаужүрек мың бала".

АСТАНА

8.00 Ән шашу. 9.10 Такси. 9.55 Суперпапа. 10.35 Сделка. 11.05

күн. 22.10 Х.ф. "Нежданная любовь". 23.00 Жаңалықтар. 23.30 Х.ф. "Нежданная любовь". 0.00 Новости.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Ертегілер. 8.30, 12.25, 13.55, 15.55, 16.25, 18.25, 19.25 Телемаркет. 8.35 Д.с. "Тайны древних империй". 9.35 К.ф. "Шерлок Холмс". 11.25 "Мәлім де беймәлім Қазақстан". 11.55 Пока жива память. 12.00 Интонация. 12.30 Дауышпан қарға. 12.55 Мәңгілік рух. 13.00 Даму діңгектері. 13.25 Пока жива память. 13.30 Сәттілікке 1001 қадам. 14.00 13-й Чемпионат РК по волейболу. 17.35 "Жас ұлан". 18.30 "Паудер Парк". 19.30 Волшебный фонарь. 20.00 Бойтұмар. 20.30 Вызов. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 К.ф. "Шал".

Дүние жарық. 11.30 "Қыз ғұмыры". 13.00 Т.с. "Манекенщица". 15.05 Әзілстан. 15.20 Айтыс. 17.50 Қалжың-қоржын. 18.10 Елаузында. 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.05 Ел аузында. 20.30 "20:30". 21.20 Sky-studio. 22.10 Х.ф. "Прекрасные создания". 0.25 "Ұмытылмас".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

8.10 Х.ф. "Ақ шаңқан таулар". 10.05 Картина маслом. 10.55 Золотая середина. 12.00 Прогулка по Астане. 13.00 "Ежелгі Грекияда мифтердің пайда болуы". 14.00 Балет "Чалпин". 16.00 XXI ғасыр көшбасшысы. 17.30 Первые. 18.05 Тағдырластар. 19.00 Н. Тілендиевтің 90-жылдық мерейтойына арналған еске алу көші. 21.00 К.ф. "Королевский роман".

НТК

8.20 М.х. 9.00 Фэнтези "Бело-

АСТАНА

8.00 Ән шашу. 8.40 Сапа. 8.50 Такси. 9.20 Ел аузында. 10.05 Концерт. 11.20 "Қыз ғұмыры". 12.40 "Манекенщица". 14.45 Айтыс. 16.35 "Сырты бүтін...". 17.00 Народное лото. 17.20 Сырласу. 18.10 Бай бол. 18.30 "Қыз ғұмыры". 20.05 Той жыры. 20.30 "20:30". 21.40 Х.ф. "Безумный спецназ". 23.35 "Ұмытылмас".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

8.10 Н. Тілендиевтің 90-жылдық мерейтойына арналған еске алу көші. 10.05 Эксклюзив. 10.30 Үкілі домбыра. 11.30 Школа кочевников. 12.00 Джаз-рандеву. 14.05 Ученый совет. 15.00 Кітапхана. 15.35 Бір сәт. 16.00 Лидер XXI века. 17.30 Кеше ғана. 19.30 К.ф. "Робинзон Крузоның өмірімен және бастан кешкен ғажайыптары". 21.05 Х.ф. "Сестра моя,

снежка: месьть гномов". 11.00 М.ф. 13.15 Х.ф. "102 далматинца". 15.15 М.х. 16.10 Қыз қылығы. 16.30 Көңілді таспа. 16.55 Күлкі базар. 17.30 Алтын таспа. 18.30 Ең күлкілі әртістер. 19.30 Караоке-киллер. 20.30 М.ф. "Динозавр". 22.10 Х.ф. "Аватар".

7 АРНА

08.00 Шебербек ағай. 9.00 Орел и решка. 10.00 Моя история. 10.30 Я шопоглик. 11.00 СвидЕТИли. 11.30 Страсти у плиты. 13.00 Т.с. "Құрбылар". 15.00 Х.ф. "Д.Артаньян и три мушкетера". 18.00 Жанкештілер жарысы. 19.00 Q-елі. 19.30 Х.ф. "Хеллбой II: золотая армия". 22.00 Другими словами. 22.30 Бокс. 0.00 "Сонная лощина".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00 Мультсериалы. 9.00 Х.ф. "Телеведущий: И снова здравствуйте!" 11.30

Люся".

НТК

9.00 Рыжие. 9.30 М.ф. "Дельфин. История мечтателя". 11.00 М.ф. 13.30 Х.ф. "Трудный ребенок". 15.00 М.ф. 16.20 Күлкі базар. 16.40 Караоке-киллер. 18.10 Х.ф. "Эван Всемогущий". 20.00 Битва экстрасенсов. 21.20 Ең күлкілі әртістер. 22.20 Алтын таспа. 23.40 Жасырын камера. 0.00 Х.ф. "Чак и Ларри: пожарная свадьба".

7 АРНА

08.00 Шебербек ағай. 9.00 Измайловский парк. 10.00 Х.ф. "Тор Gear". 11.00 Х.ф. "Выжить любой ценой". 13.00 "Құрбылар". 15.00 Все хиты Юмор FM. 17.00 BOOM! 18.00 Жанкештілер жарысы. 19.00 Q-елі. 19.30 Айна online. 20.00 Нысана. 20.30 Кім білген. 21.00 Один в один. 2. 0.00 "Сонная лощина".

"Дом рецептов". 12.00 "Жұлдызды шаңырақ". 12.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 15.00 Фильм-концерт "Той думан". 18.00 Фильм-концерт. Юлдуз Усмонова. 21.00 Фильм-концерт. Театр "Алдараспан". 00.00 Х.ф. "Миссия невыполнима: Протокол "Фантом". 2.30 Әзіл студия.

АЛАУ

7.30 М.ф. 8.20 Тіл және қоғам. 9.00 Театры Астаны. 9.30 М.с. 10.20 Неизведанный Казахстан. 10.50 Группа здоровья. 11.10 В поисках истины. 12.00 Лица неизвестности. 12.30 Д.ф. "Неизвестная версия". 14.00 Концерт А. Байнұлдиновой. 16.00 ПроАгро. 16.30 Қоғам және әйел. 17.00 Джиперы. 17.30 Жұлдыз-топ. 18.30 "Казахстан байтақ өлке". 19.00 Қылмыстық №. 19.30 Baby ГИД. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Вынтаж. 21.30 Солнечная кухня. 22.00 Landmarks. 22.30 М. Мақатаев шығармашылығына арналған ән-жыр. 0.00 Панорама недели.

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00 Әзіл студия. 9.30 Х.ф. "Рождественская история". 11.30 "Дом рецептов". 12.00 "Жұлдызды шаңырақ". 12.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 16.00 "Братья по обмену 2". 20.00 Фильм-концерт. М. Жунусова и К. Нуртас. 23.00 Х.ф. "Железный человек". 1.30 Әзіл студия.

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.00 Торговый дом. 9.30 М.с. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Landmarks. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Вынтаж. 14.00 Хит-парад. 15.00 Қоғам және әйел. 15.30 Ө. Айниязовтың шығармашылық көші. 17.00 "Под прикрытием". 20.30 Тет-а-тет. 21.00 В поисках истины. 22.00 По диким местам. 23.00 Моя правда. 0.00 ЧМ по

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Незнакомка из Уайлфелла". 6.45 "Джодха және Акбар". 7.45 Таңғы пошта. 8.15П@utina+. 9.00 Новости. 9.10 Смак. 9.45 Х.ф. "Шесть соток счастья". 11.40 Фабрика грез. 12.05 "Ду қол шоколад". 13.00 Караоке такси. 13.30 101 кеңес. 14.00 П@utina+. 14.50 Старые песни о главном. 16.30 Х.ф. "Пропавший жених". 20.30 Лучший город.KZ. 21.30 Кешкі кездесу. 22.50 Ән дария. 23.40 Х.ф. "Моя фамилия Шилов".

КТК

7.10 Х.ф. "Неподдающиеся". 8.35 Жүрежарды. 9.15 Шаншар. 10.00 Кривое зеркало. 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.40 Звездная жизнь. 14.40 Путь на Олимп. 15.15 Табыс кілті. 15.45 "Махаббат мұңы". 16.40 Алдараспан. 18.15 "Карадайы". 21.00 Другая правда. 22.00 Х.ф. "Любовь и голуби". 0.00 Той BestStar.

шоссейно-кольцевым мотогонкам.

ЕВРАЗИЯ

6.00 "Незнакомка из Уайлфелла". 7.40 Кешкі кездесу. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Новости. 9.10 Здоровье. 10.10 "Казлото". 10.45 Лучший город.KZ. 11.55 Кешкі кездесу. 13.05 Караоке такси. 13.40 101 кеңес. 14.05 Ән дария. 15.00 Угадай мелодию. 15.40 Х.ф. "Слепой расчет". 19.50 К 70-летию Великой Победы. "Наша война". 21.00 Аналитика. 22.00 П@utina+. 23.05 Точка-в-точь.

КТК

7.40 М.с. 8.00 КТК қоржынынан. 9.45 Табыс кілті. 10.10 Звездная жизнь. 11.10 Х.ф. "Кровные узы". 15.00 Дорога домой. 15.10 Шаншар. 15.45 "Махаббат мұңы". 16.40 Алдараспан. 18.20 Той BestStar. 19.50 Өнерлі отбасы. 21.00 Портрет недели. 22.00 Слуги народа. 22.50 Өнерлі отбасы. 0.00 Х.ф. "Золотые небеса".

Балалар жарақаты алаңдатады

Қарлығаш ОСПАНОВА

Балалардың жарақаты тек Қазақстан үшін ғана емес, көптеген әлемдегі елдер үшін кең ауқымды әлеуметтік мәселелердің бірі болып табылады. Ал, балалар арасындағы әртүрлі жарақаттардың кесірінен болған өлім-жітім көрсеткішінің жоғары болуы қынжылтарлық жағдай. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ-тің мәліметіне жүгінсек, әлемде жыл сайын 830 мың бала қаза тауып, ал ондаған миллион бала алған жарақаттың салдарынан мүгедек болуда. Бұған көп жағдайда жол-дағы апат, суға кету, күйіп қалу, құлау, улану басты себеп болатын көрінеді.

– Жалпы, жол-көлік жарақаты әлемдегі өлім-жітімнің басты себептерінің ішінде сегізінші орында және бұл 15-29 жастағы жастар арасында өлім-жітімнің басты себебі болып табылады. Бүгінгі болжам бойынша, жедел шаралар қабылданбаса, жол-көлік оқиғасы 2030 жылға қарай өлім-жітімнің бесінші себебі болады. Жыл сайын біздің елімізде сәуірдің 1 мен 30-ы аралығында балалар жарақатының алдын алу мақсатында айлық өткізіліп тұрады. Биылғы шара "Әрқашан мұқият бол!" деген ұранмен өтуде. Осы айлық барысында біздің облысымызда да көптеген шаралар ұйымдастырылып, оған медицина қызметкерлері, жол полициялері, ата-аналар мен оқушылар қатыстырылуда, – дейді облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының психологы А.Исмаилов.



Қағаз кеме

(новелла)

...Кеме жүзіп келеді. "Ол менің арманымды арқалап алыс теңізге сапар шегіп барады". Кеше көрші бөлмедегі Серік келіп таласқанда, кемесінің жақтауы зақым алған. Енді соған алаңдап тұр.

Бұл көктем еді. Балалар үйінің ауласындағы темір торға шынтактай кіріп, сынғырлай күліп алады да, қайта бұрылып ағып жататын бұлақ бар еді. Сол бұлақтың жағасында кемесін аттандырып бала тұр. Кенет оның білегінен қарымды бір қолдың сілкі тартуы әлей еді, бала жылап қоя берді...

Ол ояңғанда әлдеқашан қараңғы түсіп, төбедегі шырақтан әлсіз сәуле тарап тұр екен. Балалардың бәрі төсегінде ұйықтап жатыр. Арғы жақ бұрыштан қытықтасқан екі бүлдіршіннің сықылықтап күлген дауысы естіледі. Қасында жатқан Өркен оң жақ қырынан аунап, өзіне қарап жатқанын білді де, бұл сол жақ қырына қарай өзін икемдеді.

— Апай тиісті ме? — ұйқыға жатқаннан кейін дауыс шығарып жылаған бала... қамалады. Қараңғы, аю, қасқырлардың көзі ары жағынан қарап тұратын қап-қараңғы бөлмеге қамалады.

— Көрпенді жастап ал, — деп сыбырлады Өркен. — Жастығың су болса ертең тағы тиседі.

— Кемемді аттандырдым...

— Ол жаққа қалай бардың? — досының қызыға сөйлеп, тың тыңдағандай демін ішіне тартып, көрпесінің жағасынан ұстап басып көтеріп алыпты.

— Кемемді Серік жырттып тастаған. Байғұс, теңізге жете ала ма?

— Суда балық бар ма екен?

— Кемем үлкен кемелерге кездессе... сол үлкен кеме оған мама болатын шығар ғой!

— Мама?

— Е, мама.

— Апай келе жатыр, бүркеніп ал! — екеуі бір-біріне сыбырласып, бастарын бүркей-бүркей тыпырсыз жатты да, тексеруші апайы есікті қайтадан жауып, ары қарай кеткен аяқ дыбысы естілгенде барып тез-тез тыныстап жақындасып жатып алды.

— Жан! — ешкім жауап қайтармады, — Жан!

— Кемем қайтты екен ғой?

— Маған да кеме жасап берші... Кемемнің аты не? — ол дауысын бәсеңдетіп сөйледі.

— Аты ма... аты-ы-ы-ын қойғам жоқ...

"Ат қою керек...", "кеме жасап берші..." екеуі маужырап барып, тілдерінен осы сөздер қайталанып жатып ұйқыға кетті.

Балалардың ұлар-шуына аң-таң қалысып ояңған олар, сәлден соң, бүгін кеме жасауды үйрететіндігін білді. Қуанып кеткен Өркен киімін де киместен асыр салып, төсектен-төсекке секіріп дыр-дуға қосылып кетті.

Өркен кеме жасауды үйренгенше, мен кемеме ат қояйын деп ойлады Жан. "Кемеме ат қояйын..."

Барлық балалар кеме жасауды үйренді. Апайы кемені жасап, оған ат та қойып үлгерген Жанды мақтады. Барлық бала бұлақ жағасына барып, барлық кемені суға салды. Кемелер кешегі Жанның кемесі кеткен кішкентай арнамен сапарға аттанды, бірақ ол — бүгінгі жасаған кемесін ағызған жоқ.

...Жанның қиялындағы кеме ашық теңізге шықты. Кемесінің аты "Теңіздегі Ана". Ат қолындағы кеменің бүйіріне жазылып тұр. Ол кемесін сүйді, қиял әлеміндегі кемесін сүйіп тұр... селк етіп артына тұра жүгірді де, "Теңіздегі Анасын" жастығының үстіне қойды. Ертегіден естіген теңіздің сұрапыл дауылынан кемесі енді ешқашан қорықпайды.

Жүзіп бара жатқан кемелерді балалармен қосылып барлық қонақтар да тамашалап тұрды. Олар бір-біріне қарап жымиысып қояды.

Мейіржан
ӘУЕЛХАНҰЛЫ.



Медетбаев Жеңіс Дәулетұлы, 1974 жылдың 4 шілдесінде Өзбекстан Республикасы, Науайы облысы, Үшқұдық ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келді. 1992-1997 ж.ж. Алматы қаласы Абай атындағы мемлекеттік университетінде, 2006-2008 ж.ж. Көкшетау қаласы Көкшетау университетінде оқыды.

Қазір Рудный қаласындағы Рудный политехникалық колледжінде қазақ тілі пәнінің оқытушысы болып еңбек етеді.

"Қайран, қазақ тілім!"

Бір топ бар, қазақ тілін білмейтіндер,
Сондықтан да құлаққа ілмейтіндер.
Үйренбейсің сен неге деген сөзге,
Неге керек маған деп тілдейтіндер.

Бір топ бар, қазақша шала білетіндер,
Сондықтан да мазақ етіп күлетіндер.
Оларды жарты адам деп есептейді,
Намысы бар қазаққа кіретіндер.

Бір топ бар, қазақша жақсы сөйлейтіндер,
Бірақ та сөйлегісі келмейтіндер.

Өзге тілді пір тұтқан осындайлар,
Өз халқына еш опа бермейтіндер.

Бір топ бар, нағыз қазақ, қаны қазақ,
Қаны қазақ болған соң, жаны қазақ.
Жаны қазақ болған соң, ділі қазақ,
Ділі қазақ болған соң, тілі қазақ.

Кеудесінде оты бар алаулаған,
Жігері бар, намыс бар, жалаулаған.
Барлығын да қазақ қып жіберер ем,
Бір Алладан берілсе қалау маған!

"Оралман емес — қазақтың!"

Иә ағайын, кәдімгі оралманмын,
Тарихи Отаныма оралғанмын.
Қазақстан тәуелсіз атанғанда,
Алғашқының бірі боп жол алғанмын.

Иә, иә, қарапайым оралманмын,
Әлі есімде Отанға оралған күн.
Айналайын қазағым айтыңдаршы,
Отанына оралған оралман кім?

Кейбіреулер оған үрке қарайды,
Кейбіреулер туысына балайды.
Сыртта туып, сыртта өсіп келсем де,
Қандасың ем көріп жүрген талайды.

Шетелде туып-өсіп, жүрсе-дағы,
Сақтаған қазақтықты солар еді.
Нұрлы көш саясатын жандандырса,
Қазақстан қазаққа толар еді.
Алыстан алып ұшқан ағайынды,
Қандасым деп атаса болар еді.

Жоқ, жоқ...
Мен оралман емеспін, мен қазақтың!
Тәуелді емес ешкімге мен азатпын.
Оралман деген сөзді естігенде,
Мен үшін басталады бір азап күн.

Мен оралман емеспін, мен қазақтың!
Толтырып жүрміз санын аз қазақтың.
Оралман деген сөзді естігенде,
Мен үшін басталады бір тозақ күн.

Үш жүзге аз болды ма бөлінгенің,
Бөлінбегін, қазағым, бөлінбегін.
Оралман деп төртінші жүз жасағанмен,
Болашағың не болар елім менің.

Отаным, атамекен, елім дедім,
Қазақ жері сен менің төрім бе едің.
Татулық пен достықта бірге болсақ,
Сонда ғана ақталар сенімдерің!
Жеңіс МЕДЕТБАЕВ.

Рудный қаласы.

Қыз көктем келгенде

Серпіп ашып кейінге бұлт түңдігін,
Жер бетіне қадады құн кірлігін.
Сол түңдіктен жерімді безеу үшін,
Ақ маржандар шашады дүркін-дүркін.

Ағаш біткен шаштарын өріп керім,
Шолпы таққан жарасып қырық өрім.
Кеберсіген таңдайын жібітіп ал,
Кер маралдай керілді жазып белін.

Бастарына өсімдік гүл қадады,
Самал желмен ыргалып-жырғалады.
Келіп қапты керіле қыз көктемім,
Иісі әтірінің бұрқырады.

Уақыты келген гой оянудың,
Сәті де енді түскендей боянудың.
Ел аралап қайтуға шықты міне,
Кәусарына шомылып ақ жауынның.

Сыпырып тез жерімнің қысқы
"тонын"

Айналдырды гүлзарға оңын-солын.
Құмырсқалар керуені жолға шықты,
Жаңғыртқалы жатқандай

"жібек жолын".
Елемес СЕРІКБАЕВ.

Қашар кенті.



● ...ДЕГЕН ЕКЕН!

"Қанша дұшпаным барын сездім"

Сағат тілі түнгі 11-ден асқанда рулық жағынан жақын, белгілі ақын Қайнекей Жармағанбетовтың үйінен шыққанбыз. Абай даңғылын бойлап келеміз. Ортамызда – талантты ақын Төлеген Айбергенов, қасында Серік Тұрғынбекұлы /Бүгінде ол жыр жүйріктерінің санатында/ екеуіміз.

– Ана жылдары Мұхтар Әуезовтың әдеби-мемориалдық мұражайында өлең оқығанмын. Аяқтағасын залға үңілсем, 18 адам қол соқпай, жайбарақат отыр. Сонда мен қанша дұшпаным барын сездім, – деп еді Төкең аңқылдап.

Ал, біз "Жұрт қазақ поэзиясына жаңа түр, екпін, мазмұн әкелген ақынға да қызғанышпен қараған ба?" деп іштей мүжілдік.

"Не дейді, не дейді!"

Алматы облыстық саяси-ағарту үйінің залында Илияс Жансүгіровке арналған көш өтіп жатқан. Кенет денесі тығыршықтай, қараторы жігіт мінбеден зор дауысымен мерейтой иесінің келбеті өрнектелген шумақтарын желдіртіп оқи жөнелді:

...Қазақтың маңдайына өлең бітсе,

Өлеңнің маңдайына бітіп ең сен, – деп саябырлаған сәтте сахна төріне жайғасқан Ғабит Мүсірепов пен Ғали Орманов "Не дейді, не дейді!" деп таңданыспен бастарын шайқады.

Сөз зергерлерінің тамсануы жас ақын Тұрсынзада Есімжанов үшін зор мәртебе емес пе?!

**Сырбай мен Ғафуды
көрсетпеген соң**

Әмбебап журналист Мүсілім аға Досмағамбетов кейде бала сияқты. Бір күні қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігін тамашалағанда "Сырбай мен Ғафуды көрсетпеген хабардың қажеті не?" деп теледидарын сөндіріп тастапты.

Мүсекеңнің шалт қимылы көшегі үзеңгілес достарын сағынғанын аңғартса керек.

**"Ішімдік ішу –
феодализмнің қалдығы"**

Қабырғалы қаламгер Аңсаған аға Атымтаев бөлім меңгерушісі Сырлыбай аға Бүркітбаевпен құрдасындай әзілдесе береді екен. Өйткені жасырақ кездерінде жұмыстан кейін "жүз грамдатып" көңілдерін көтерген көрінеді.

Тың өлкесінің құрылуына байланысты "Коммунизм таңы" газеті жабылып, көп ұзамай қайыра ашылғанда Сырекең редактордың бірінші орынбасарлығына тағайындалыпты.

Аңсекең ым қағып, үйреншікті әдетімен ағасына оңаша бөлмені нұсқайды ғой.

– Бармаймын. Ішімдік ішу – феодализмнің қалдығы, – деп қозғала қоймапты Сырекең.

Тамырын басуды көздеген ниетіне ағасының сол жауабы есіне түссе, ақкөңіл Аңсекең өз-өзінен мәз болатын.

"...Мектеп оқушысы емеспін"

Ертеректе "Жаңа өмір" /қазіргі "Біздің Торғай"/ газетінің редакторы болған О.Р. басылымның ішкі шаруасына етене араласпайтын, оның орнына аупарткомның тапсырмасымен шөп шабу, төл алу, қой қырку науқандарына өкілдікке жіберетін кезеңді асыға күтетін. Сөйте тұра қарауындағы қызметкерлерге тым мазан.

Кабинетіне кірген бетте әдеби қызметкер Т.Сәтбаевқа аста-төк ақыл айта бастайды. Үнсіздігіне шамданып, "Неге тұрып тыңдамайсың?" деп шүйлігеді де. Ондайға ығатын Сәтбаев па, "Мен алдыңызда сүмірейіп тұратын мектеп оқушысы емеспін" деп орнынан мызғымапты.

Заманында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өзі тырнақалды туындысын мақтаған Таңатқан айғайшыл басшының "құрғақ насихатын" құлағына ілсін бе?!

**"Сиыр-қораны
тазарттыңдар ма?"**

Баспасөз ардагері Сақтаған Дүйсековтан естіген мына әңгімем ойыма оралса, өріксіз езуіме күлкі үйіріледі:

Айтскер ақын, Аманкелді аудандық "Тың шұғыласы" /бүгінгі "Аманкелді арайы"/ газетінің редакторы Еренғайып Әбдіхалықов алғаш рет үйіне телефон орнатылғанда кеңседен қоңырау шалып, табан астында не дерін білмей, біраз уақыт абдырапты да: – Айтпақшы, сендер сиыр-қораны тазарттыңдар ма?" деп тұтқаны тұғырына қондыра салыпты.

Жақсылық ЖҮНІСҰЛЫ,
баспасөз ардагері.

Арқалық қаласы.

● БҰРЫНҒЫНЫҢ СӨЗІ

Құлагер

Шыңғыстың Жақып деген ұлы Ақан Серінің Құлагерін қалап алмақ ниетпен әкесіне айтқанда, ол әкесі: "Ақан қос қанатына балап жүрген Құлагерін ешкімге көзі қиып бермейді, шырағым. Тілімді алсаң барып қолқа салмай-ақ қой", – дейді. Жақып әкесінің айтқанын құлағына ілмей Ақанға Құлагерді қалап келгенін айтады. Сонда Ақан: "Жақып, Құлагерді қалап келгенің жөн-ақ. Бірақ менің үш ауыз сауалым бар. Ол сауалдарым мынау. Қасқыр мен қырғи жолдас бола ма? Қалауға, көдеге ата жүре ме? Қалауға, көдеге ит жүре ме? Осы үшеуінің жөнін екен Шыңғыстан сұрап біліп кел. Шыңғыс мен үшін қадірлі кісі. Сауалыма не деп жауап берсе де мен ризамын", – деп аттандырады. Шыңғыс сауалдарды естіп алып, бірауық үнсіз отырып, басын шайқайды. Содан соң терең күрсініп: "Әй, балам-ай! Ақанға қолқа салма деп едім, алған бетіңнен қайтпадың. Енді міне, мені қартайған шағымда жұрт алдында ыңғайсыз жағдайға қалдырып отырсың. Тыңда, балам, Ақанның "Қасқыр мен қырғи жолдас бола ма?" дегені – "Төре, сұлтан-дар мен елдің ерке серісі жол-

дас бола ма?" дегені. Оның "Қалауға, көдеге ата жүре ме?" дегені – "Егер мен атанды қалап барсам, сен берер ме едің?" дегені, шырағым. Ал "Қалауға, көдеге ит жүре ме?" дегенінің мәні – "Қалаудың да орны болады емес пе. Құлагерді орынсыз қалап келген сені иттей көрсем қалауың жана ма?" дегені.

Күреңбай сыншы бұрын Құлагерді көрмеген екен. Ақан Сағынайдың асына кетіп бара жатып, жолай құдасы Бегалының үйіне атбасын бұрады. Ақан аттанар шақта Бегалы: "Асқа Құлагерді алып келгеніңді естісе, өзіңе өш адамдар тыныш жата алмас. Қастық қылуы бек мүмкін. Жабұламай жәй аттардың қатарында алып барғаның жөн", – дейді. Көп аттың ішінде елеусіз тұрған Құлагерді атақты сыншы Күреңбай көріп, жанындағыларға: "Жұрттың Ақан асқа Құлагерін алып келмепті дегені бекер-ақ. Мен білсем мынау ат Құлагердің дәп өзі", – дейді. Серіктері қарқ-қарқ күліп: "Әй, Күреке, бұл аттың басқалардан несі артық? Жұртты тамсандырған Құлагер осы болса, сізге

мұрнымызды кесіп берейік", – деп мысқылдаған. Сонда Күреңбай жымып: "Құлагер болмаса да бәйгеден осы сәйгүлік озып келеді", – деп жүре беріпті. Кейін сол ат бәйгеден озып келгенде Күреңбай сыншының көрегендігіне қайран қалса керек.

Атбасардың жәрмеңкесінде атақты Мәшһүр Жүсіп Ақан Серіні кездестіріп, Құлагердің өліміне көңіл айтады. Сөз арасында Жүсіп: "Ақан, үйлендің бе?", – деп жөн сұрапты. Сонда Ақан күрсініп: "Жоқ, Жүсеке, үйленгенім жоқ. Бәлкім Құлагердің қайғысынан кейін үйленбеспін де", – деп көңілсіз тіл қатқан. Жүсіп оның мұңды жүзіне қадала қарап: "Ақан, ердің басына түскен қайғыны не сөйілте алады дегенде Мөңке би: "Ердің қайғысын тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы, сұлу әйелдің құшағы сөйілте алады", – деген екен. Сол би айтқандай қасірет-қайғының ұйығына батып кетпеу үшін өңінді үзбе, үйленбесең де сұлу қызға ғашықтығыңды жырла, соларға арнаған өлеңіңді айтудан жалықпа", – деп ақыл берген.



АВТОР.

АМАНАТ

Сөзі Сәли Сәдуақасұлының

Әні Ерсайын Нарымбаевтікі

Сексен жасқа жуықтап қалған бабаң,
Сендей ұрпақ көрсем деп армандаған.
Армандаған атаңның алыстағы,
Шыты мынау жіберген, қарғам, балам.

Ұмытпасын ұрпағым өлсем мені,
Армансызбын қолыңмен көмсең" деді.
Соны айтты да күрсінді көз алдымда,
Бір шал емес, бір ғұмыр кемсеңдеді...

Қайырмасы:

Ал қолыңа, кірсінбе, көнесің бе,
Жіберді ғой алған соң сені есіне.
Осы шыттай тозған сол қайсар атаң,
Томардай шал болыпты, сенесің бе.

Кемсеңдеді оза алмай отбасынан,
Аттанбақпын, мұрсам жоқ (қатты асығам).

Сонда, бәлкім, қара шал өмірінің,
Ең ақырғы көз жасын төкті осыған.

Әлде мына мөлшерім қате шығар,
Жансақ айтсам, санама от ашыңдар.
Осы шытқа түйілген үш тал құртта,
Иманындай атаңның батасы бар.

Жан емес-ті қиыннан қыры сынар,
Көңілінің бұл да бір күйі шығар.
Қорасшынба бұл шытты, өйткені онда,
Сен сағынған атаңның иісі бар.

Атаң иісі тер иісі, расында,
Тер бақыт пен байлық қой, ұғасың ба.
Соның бәрін сендерге атайды екен,
Томардай шал, бес уақ дұғасында.

Қостанай облысы әкімдігінің, "Қостанай облысының кәсіптік орталығы" аумақтық кәсіподақтар бірлестігі және Қостанай облысының Кәсіпкерлер палатасы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған ОБЛЫСТЫҚ КЕЛІСІМ

Біз, Қостанай облысы әкімдігінің, "Қостанай облысының кәсіптік орталығы" аумақтық кәсіподақтар бірлестігі және Қостанай облысының Кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – Тараптар) өкілетті өкілдері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын мүлтіксіз сақтау; әкімдіктің, жұмыс берушілердің және қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі, өзара сыйластығы мен олардың мүдделерін білдіруде ымыраға барынша қол жеткізу;

"Қазақстан-2050" стратегиясын іске асырудағы ынтымақты жауапкершілік және оның жер-жерлерде іс жүзінде жүзеге асырылуына ықпал ету; әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу;

лайықты еңбек ету үшін жағдайларды қамтамасыз ету ісінде сындарлы өзара іс-қимыл мен қызметкерлер мен жұмыс берушілердің әлеуметтік-экономикалық мүдделері, қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау қағидаттарын басшылыққа ала отырып, 2015-2017 жылдары әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізу барысында әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің негізгі бағыттары бойынша Тараптардың келісілген ұстанымдарын және оны іске асырудың бірлескен іс-қимылдарын айқындайтын 2015-2017 жылдарға арналған осы Облыстық келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасастық.

1. Экономикалық саясат

Тараптар алдағы кезеңде экономикалық саясат облыс экономикасының бәсекеге қабілеттілігін тұрақты дамуы және өсуін, Қостанай облысы халқының өмір сүру сапасын жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған болуға тиіс деп есептейді.

Экономикалық саясат саласында Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

1) 2015-2017 жылдары өндірісті модернизациялауға, жаңа технологияларды өндіруге бағытталған негізгі капиталға инвестицияларды ұлғайту негізінде облыс экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз етуге көмектесу;

2) іске асырылуға жолданған біріккен іс-шараларды іске асыру;

"Қазақстан-2050" стратегиясын; Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын;

Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын; Индустриялық-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын;

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын;

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын;

Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын;

Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2014 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын;

"Агробизнес-2020" агроөнеркәсіп кешінін дамыту бағдарламасын;

"Жұмыспен қамту-2020 жол картасы" бағдарламасын;

"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасын;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруға бағытталған бірлескен іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру;

3) өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, кіші және орта кәсіпкерлікті дамытуға, халықты әлеуметтік қорғауға және бюджеттік қаражатты жұмсау тиімділігін арттыруға бағытталған бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің толық игерілуіне ықпал ету;

4) тарифтік және бағалық саясаттың шараларын жүзеге асыру. Қызмет (тауарлар, жұмыстар) өндірушілері мен тұтынушылар арасындағы мүдделердің теңгерімін сақтауға ықпал ету.

5) табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік реттеу жөніндегі жұмысты жалғастыру, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін тарифтер өзгерген кезде 2015-2017 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ұстану.

6) өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін, менеджмент жүйесін, жаңа технологиялар мен техниканы өндіру, жалақыны арттыру есебінен өндірісті және еңбек сапасын арттыру.

7) әлеуметтік-маңызды азық-түліктің бағасын негізсіз көтеруге жол бермеу жөніндегі іс-шараларды өткізу.

8) ведомстваралық комиссиялар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың әлеуметтік-экономикалық мәселелермен байланысты бюджеттік бағдарламалардың жобаларын дайындау және қарау жұмысына қатысу.

9) кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қызметі шеңберінде тең сақтауға ықпал ету.

2. Халықты тиімді жұмыспен қамтуға және адам капиталының дамуына жәрдемдесу

Тараптар жауапкершілікті бөлу негізінде нәтижелі жұмыспен қамтуға, лайықты еңбек жағдайларын кеңейтуге жәрдемдесу және адам әлеуетін оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұрғысында дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет деп есептейді.

Бұл процестер халықты жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту саласында әлеуметтік әріптестердің тиімді өзара іс-қимылымен қолдауға ие болуға тиіс. Осы мақсаттарда Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

1) Мынадай іс-шараларды:

1) жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асыруда күш біріктіру;

2) ағымдағы бос жұмыс орындары мен болжамды жұмыс орындарының жалпыұлттық дерекқорын қалыптастыру;

3) жұмыссыздық деңгейін төмендету және аз қамтылғандардың санын қысқарту бойынша жұмыс жүргізу;

4) 50 жастан асқан адамдарды қайта даярлау, біліктілігін және ұтқырлығын арттыру бағдарламаларын іске асыру;

5) әйелдер мен жастарды барынша жұмыспен қамтуға, Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасының шегінде әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмыстарға, жастар практикасына жіберілген адамдарды мемлекеттік қолдауға ықпал ету;

6) халықтың әлеуметтік әлсіз жіктеріне арналған әлеуметтік жұмыс орындарын және мүгедектерге арналған арнаулы жұмыс орындарын құру жөніндегі шара қолдану;

7) кәсіптік білім беру жүйесін экономиканың инновациялық даму, халықтың, оның ішінде мектеп оқушыларының кәсіптік бағдаруының қажеттіліктеріне бейімдеу бойынша жұмысты жүргізу;

8) жұмыс берушілерді жеке оқу-материалдық базаларын дамытуға, материалдық базаны модернизациялау және бейінді кәсіптік білім берудің оқу орындарының оқыту процестерін басқаруға қатысуға, оқушылар қажетті дағдылар мен машықтарын алу үшін жағдай жасауға тарту;

9) жұмысынан айрылған немесе толық емес жұмыспен қамтылған жағдайда азаматтарды қолдау және материалдық көлімдік беру құралдарын қамтамасыз ету.

2. Экономиканың даму басымдықтарын ескере отырып, еңбек ресурстарының, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау сапасын арттыруға бағытталған шараларды, оның ішінде:

1) өңірлік индустрияландыру карталарына байланысты дуальді білім беруді енгізу;

2) ұйым қызметкерлерін ішкі өндірісті оқытуды дамыту, сондай-ақ жұмыстан босатылатын қызметкерлерді алдын ала кәсіптік оқыту;

3) халықты жұмыспен қамту туралы заңнаманың ұлттық еңбек нарығын қорғау бөлігінде сақталуын қамтамасыз ету, жоғары білікті жұмыс күшін тарту үшін жағдай жасау.

3. Салалық және өңірлік келісімдерде, ұжымдық шарттарда жұмыс орындарын сақтау және 50 жастан асқан адамдарға лайықты еңбек жағдайларын жасау жөніндегі ережелерді қарастыру.

4. Жаппай жұмыссыздық қауіп-қатері туындаған жағдайда өзара консультациялар негізінде халықты жұмыспен қамтуға ықпал етуге, босап қалған жұмыскерлерді қолдауға бағытталған шұғыл шаралар бағдарламасын әзірлейді, қаржыландыру көздерін айқындайды.

5. Қостанай облысының білім беру, кәсіптік білім беру мекемелерінің түлектерін жұмыспен қамтуға көмектесу жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысады.

6. Өндірістің өсуіне ықпал етеді, еңбек етуге мотивацияны арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді және өндіреді. Экономика салаларының жетекші мамандықтары бойынша кәсіптік шеберліктің конкурстарын ұйымдастырады. Экономикалық жағдайды тұрақтандыру, ұйымдардың банкрот болуын алдын алу жөніндегі тетіктерін жасауға қатысады.

3. Тұрғындардың еңбек өнімділігі,

жалақысы, табысы мен өмір сүру деңгейі

Тараптар алдағы кезеңде қызметкердің лайықты еңбекке құқығын, нақты жалақының деңгейін арттыруды, табыс саясатын жетілдіруді және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру қажет деп есептейді.

Осы мақсаттарда Тараптар еңбекті ұйымдастыруға және жалақыны жетілдіруге, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, экономиканы тұрақты дамыту мақсатымен еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

1) халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейіне мониторинг жүргізу;

2) әлеуметтік шиеленістерге және еңбек жанжалдарының туындау қатерлеріне, еңбек заңнамасы нормаларының сақталуына тұрақты негізде мониторинг жүргізу және жарты жылда бір рет мониторингтің нәтижелерін Комиссия отырыстарында қарау (одан әрі – Комиссия);

3) жұмыскерлердің жалақылары және жинақтау зейнетақылық қорларға міндетті зейнетақылық бөлулері, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік бөлулер бойынша қарызға жол бермеу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

4) тең дәрежелі жұмыстарды орындау кезінде және тиісті біліктілікке сәйкес келетін шетелдік және отандық қызметкерлер арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге ықпал ету;

5) ең төменгі күнкөріс шамасы және кедейлік шегі туралы халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыру;

6) жалақыны берудің, демалыс төлемдерін, жұмыстан шыққан уақытта төленетін төлемдермен жұмыскерлерге төленетін тағы да басқа төлемдердің белгіленген мерзімдерін бұзатын жұмыс берушілерге бақылауды күшейту.

4. Әлеуметтік қамсыздандыру және қорғау, халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік ықпалдастыру

Әлеуметтік саланы жаңғырту және халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту, әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді және тұрақты жүйесін дамыту, жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру мақсатында Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

1. Жұмыс орында, әлеуметтік мәні бар аурулардың профилактикасын қоса алғанда, денсаулықты сақтауға бағытталған корпоративтік әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін таратуға жәрдемдесу.

2. Салалық, өңірлік келісімдер және кәсіпорындар мен ұйымдарда ұжымдық шарттар жасаған кезде денсаулықты сақтау, сондай-ақ жұмыс істейтіндерді сауықтыру, дене тәрбиесімен және спортпен айналысуына жағдай жасау үшін жұмыс беруші мен қызметкердің ынтымақтасқан жауапкершілігін күшейту жөніндегі шараларды көздеу.

3. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру және оларға қолжетімді инфрақұрылымды ("кедергісіз ортаны") қалыптастыру жөніндегі шараларды күшейту.

4. Жергілікті бюджеттерде қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес балалардың жазғы демалысын, балалар мен жасөспірімдердің, мүгедек балалардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың сауықтыруын, білім беру ұйымдарымен оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу және жеткізуді, адамдардың жеке санаттары үшін қоғамдық көлікте жөнелдікпен жүру төлемдерін ұйымдастыруға шығындарды қарастыру.

5. Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын іске асырудың:

1) ана мен баланы қорғауды, әйелдерді әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы гендерлік проблемаларды шешуге;

2) балалардың күтіммен және олардың тәрбиесімен айналысатын өрлер мен әйелдерді тең құқықтар негізінде қолдауға;

3) әйелдердің шешім қабылдау деңгейіндегі өкілдігін арттыруға бағытталған шараларын жүзеге асыру.

6. Салалық, өңірлік келісімдер мен ұйымдарда ұжымдық шарттар жасаған кезде әйелдердің, жастар мен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың негізгі құқықтары мен кепілдіктерін көздеу.

7. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға, еңбек, білім беру және денсаулықты сақтау салаларында

жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешуге, жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін өздігінше шешу үшін жағдай жасауға, жастардың оң қоғамдық бастамаларын қолдауға және ынталандыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға қатысу.

8. Салалық, өңірлік келісімдер мен ұжымдық шарттарда мынадай ережелерді қарастыру:

1) жұмыс орындарын сақтау және 50 жастан асқан адамдар үшін қолайлы еңбек жағдайларын құру;

2) 50 жастан асқан адамдардың біліктілігін және ұтқырлықтарын арттыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

9. Азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғау үшін заңды тұлғалармен жеке құрам бойынша құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

10. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігі мен батылдығына шынайы құрмет көрсете отырып және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында, олардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын және заңды мүдделерін жан-жақты қорғаудың ерекше маңызын мойындай отырып, Тараптар, Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, соларға теңестірілген адамдар қатарындағы бұрынғы қызметкерлерге әлеуметтік қолдау шараларын көрсету (қоғамдық көлікте тегін немесе жеңілдікпен жүру, тұрғын үйді жөндеу, отынмен қамтамасыз ету, тіс протездеу, санаторий-курорттық емдеуге жолдама беру, материалдық көмек көрсету және т.б.) жөнінде өздеріне міндеттеме қабылдайды.

5. Еңбек жағдайлары және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік

Келісім Тараптары адам ресурстарын сақтауды ұлттық басымдықтардың бірі деп есептей отырып, еңбек жағдайларын және еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті жақсарту мәселелерін қарап:

1. Жұмыс орындарында Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасына, еңбекті қорғауды басқару жүйелері бойынша ұлттық және халықаралық стандарттарына сәйкес келетін қауіпсіз жағдай жасау.

2. Жұмыс берушілердің есебінен еңбектің сау және қауіпсіз жағдайларын жасау бойынша талаптарды толық қамтамасыз ету есебімен қауіпсіздік және еңбекті қорғау және кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың қаржыландыруын қарастыру.

3. Еңбек жағдайлары бойынша ұйымдардың өндірістік объектілеріне аттестаттауды жүргізуді қамтамасыз ету. Аттестаттау нәтижелері негізінде әзірленген ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары міндетті түрде орындалуға жатады.

4. Үш жылда бір реттен кем емес қауіпсіздік және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты басқарушы қызметкерлер мен тұлғалардың тиісті білім беру ұйымдарындағы біліктілікті арттыру курстарында қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуын және білімдерін тексеруін қамтамасыз ету.

5. Еңбек заңнамасын сақтауға, ұйымдарда еңбектің қауіпсіз және сау жағдайларын жасауға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерге оған еңбек міндеттерін орындау кезінде келтірілген зиянды жұмыс берушімен уақтылы және толық өтеуге мемлекеттік және қоғамдық бақылауды іске асыру. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өндірістегі жазатайым оқиғаларды теріп-тергеуін қамтамасыз етуге.

6. Статистикалық есептілікті жетілдіруді қоса, еңбек жағдайы мен қорғау ахуалына мониторинг жүйесін дамытуға.

7. Балалар еңбегінің ең нашар нысандарын тиімді жоюға бағытталған ұлттық саясатты іске асыруды сақтау және ықпал етуге.

8. Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласында ВИЧ/СПИД туралы ұсыныстарын алға жылжыту жөнінде шаралар қолдануға (№ 200).

9. Халықаралық еңбек ұйымының "Еңбекті қорғауды басқару жүйесі туралы" № 187 конвенциясын іске асыру жұмыстарын жалғастыруға.

10. Жергілікті органдардың еңбек инспекциясы жөніндегі жұмыс әдістемесін Халықаралық Еңбек Ұйымының "Өнеркәсіптегі және саудадағы еңбек инспекциясы туралы" № 81 Конвенциясымен сәйкес келтіру жөніндегі жұмысты жүргізуге.

11. Еңбекті қорғау жөніндегі қоғам-

дық инспекторларының ролін күшейту жөнінде шаралар қолдану.

12. Еңбек, ұжымдық шарттары мен келісімдерінде еңбектің зиянды және қауіпті жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлерге заңнамаға сәйкес қосымша өтемақылар мен жеңілдіктерді қарастыруға. Еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыруға.

13. Өндірістік жарақаттанудан мерт болуды төмендетуге және кәсіптік аурулардың орын алуына жол бермеуге бағытталған жағдай жасау және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етуге.

14. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі байқауларды, конкурстарды өткізу, жыл сайын "Бүкіл дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін" өткізуге жыл сайын қатысады.

6. Әлеуметтік әріптестікті дамыту және әлеуметтік жауапкершілік

Тараптар әлеуметтік және экономикалық даму, еңбек қатынастарын реттеудің негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдаған кезде, әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамытуды, оның мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдаланды қамтамасыз ету қажет деп есептейді және өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

1. Тараптардың мүдделерін келісудегі Комиссия ролін арттыруға бағытталған шараларды іске асыру және:

1) әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұдайы консультациялар өткізуді;

2) әлеуметтік-еңбек мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға және талқылауға Комиссияның қатысуына және солармен байланысты экономикалық қатынастарын қамтитын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларын орындауды;

3) әлеуметтік әріптестік жөніндегі комиссиялардың еңбек қатынастарын реттеу деңгейлері жөніндегі өкілеттіктерін айқын ажыратып бөлуді және кеңейтуді;

4) ұжымдық шарттар мен келісімдердің орындалмағаны үшін жауапкершілікті күшейтуді қамтамасыз етуді міндеттенеді.

2. Әлеуметтік әріптестік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын, әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеуді және ұжымдық еңбек дауларын шешудің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру.

3. Халықаралық еңбек ұйымының "Қауымдастықтардың бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау туралы" № 87, "Кәсіпорындардағы еңбекшілер өкілдерінің құқықтарын қорғау және оларға берілетін мүмкіндіктер туралы" № 135 конвенцияларына сәйкес ұйымдарда қызметкерлер өкілдерінің өркін қызметі үшін жағдай жасауға ықпал ету.

Тараптар міндеттеледі:

1) өздеріне байланысты ұжымдық еңбек дауларын реттеу, еңбек қатынастары саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың барлық шараларын қабылдауға;

2) жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешудің қалыптасқан тәжірибесін зерттеу және еңбек дауларын болдырмау рәсімдерін жетілдіру, қолданыстағылардың тиімділігін және қолжетімділігін арттыру және жаңа тетіктері мен оларды шешу нысандарын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;

3) еңбек заңнамасы негіздерін түсіндіру бойынша бірлескен семинарлар, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында ымыраға қол жеткізу жөнінде бірлескен оқыту тренингтерін өткізуге;

4) шағын және орта бизнес ұйымдарындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу практикасын дамытуға жәрдемдесуге;

5) кәсіпкерлер палатасының бизнестің корпоративтік әлеум

кершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсын өткізуге қатысты материалдарды қарау Комиссияның жұмыстарына қатысуға;

9) заңнамалық және жалпы танылған халықаралық нормалар мен кәсіподақтар бірлестіктері және жұмыс берушілер бірлестіктері бір-бірінің қызметіне араласпау туралы қағидаларды сақтауға, кәсіподақтар мен жұмыс берушілер ұйымдарын құруға және жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуге;

10) Қазақстан Республикасындағы Лайықты еңбектің ұлттық бағдарламасын іске асыруға ықпал етуге;

11) Қазақстан Республикасының Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларын және басқа да халықаралық шарттарды ратификациялауы туралы ұсыныстар дайындау жөнінде консультациялар өткізуге, сондай-ақ ратификацияланған конвенциялардың іске асырылуының құқық қолдану тәжірибесіне талдау жасауға;

12) жұмыс берушілер мен жұмыскерлерге барлық деңгейдегі келісімдердің таратылу тетіктерін қолдануды қамтитын әлеуметтік әріптестік бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру;

13) еңбек заңнамасының нормаларын сақтауға мониторинг жүргізуге;

14) кәсіподақтардың құқықтарын бұзбау, сондай-ақ кәсіподақтардың қызметіне кедергі жасау және кәсіптік органдарды жою жөніндегі қасақана іс-әрекеттерге жол бермеуге;

15) еңбек құқық қатынастары, еңбекті қорғау және ұжымдық шарттар саласындағы азаматтардың құқықтарын бұзу туралы ақпаратпен және азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы ақпаратпен ұдайы алмасуға міндеттенді.

16) әлеуметтік-еңбек жанжалдардың алдын алу және жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі ережелер бұзылған жағдайда облыстық ұшжақты комиссияның отырыстарында барлық меншік нысанындағы мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың басшыларын тыңдау.

17) ұшжақты комиссиялардың шегінде кәсіпорындар басшыларының өндірістік комиссияларды тұрақтандыру мәселелері және жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен кепілдерін сақтау, өндірістік-еңбек қатынастардағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, жалақы бойынша қарыздарды өтеу, ұжымдық шарттарды орындау жөнінде қолданылып жатқан шаралар жөніндегі меморандумдарды орындау бойынша атқарылып жатқан жұмыс туралы есептіктерін ай сайын тыңдауды практикаға енгізу.

Тараптар қамтамасыз етуге келісті:

1) "Қостанай облысының кәсіптік орталығы" аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің, салалық кәсіподақтар мен

Қостанай облысының Кәсіпкерлер палатасының әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы заң жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуын қамтамасыз етуге келісті, ол үшін мемлекеттік орталық органдар әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы заң жобаларын тиісті ұсыныстар алу үшін "Қостанай облысының кәсіптік орталығы" аумақтық кәсіподақтар бірлестігіне және Қостанай облысының Кәсіпкерлер палатасына жіберуді;

2) қажеттілігіне қарай әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы заң жобаларын Комиссия отырыстарында қарауды қамтамасыз етуге келісті.

7. Келісімнің қолданылуы және оның орындалуын бақылау

Тараптардың осы Келісімнің ережелерін орындауын үйлестіру мақсатында, Тараптар төмендегі туралы келісті:

1. Тараптар Келісімді Қазақстан Республикасында 2015-2017 жылдарға арналған келісілген әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу жөніндегі басым бағыттар мен қажетті іс-қимылдарды белгілейтін, әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты деп таниды.

2. Келісім келіссөздер және салалық келісімдер жасау, облыстық, аумақтық (қалалық, аудандық) келісімдер және ұйымдарда ұжымдық шарттар жасау үшін негіз болады.

3. Келісім бойынша Тараптардың міндеттемелері мен Комиссияның ұсы-

нымдары (шешімдері) өңірлік облыстық, қалалық, аудандық, салалық келісімдер мен ұжымдық шарттар жасаған кезде ескерілуге тиіс.

4. Кейінгі жылдарға арналған Келісім 2018 жылғы ақпаннан кешіктірілмей жасалады.

5. Жұмыс берушілер мен қызметкерлердің бірлестіктері ұжымдық шарттар жасауды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды тиісті жылдың наурыз айынан кешіктірмей қабылдайтын болады.

6. Осы Келісімнің қолдану кезеңінде және міндеттемелерін орындаған жағдайда Келісімге қол қойған қызметкерлердің облыстық бірлестіктері Тараптар арасындағы даулы жағдайларды тиісті деңгейлерде және Комиссияда алдын ала қарамай және шешпей ереуіл өткізбейді.

7. Тараптар нақты орындау мерзімі мен орындауға жауапты мүшелерін көрсете отырып, оны Комиссияның бекітуімен қабылданған міндеттемелерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

8. Комиссия ұсыныстары (шешімдері) осы Келісімді іске асыру нысаны болып табылады.

9. Келісімнің орындалу барысын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Тараптар Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық ұшжақты комиссия туралы ереже-

ге, сондай-ақ Тараптармен өздерінің функциялары және қызметінің ұйымдастырушылық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және жаңа Келісім жасалғанға дейін қолданылады.

11. Келісім мемлекеттік органдарда, қызметкерлер мен олардың өкілдеріне, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан жұмыс берушілердің барлығына қолданылады.

12. Тараптар Келісімде көзделген, өздері қабылдаған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Қостанай қаласында 2015 жылғы 26 наурызда 3 данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Қол қоюға қатысушылардың әрқайсысында Келісімнің бір-бір данасы бар.

Осы Келісімге мыналар қол қойды:
Қостанай облысы әкімдігінің атынан

Қостанай облысы әкімінің орынбасары **М. ДӘРІБАЕВ.**

Аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің атынан

Қостанай облысы кәсіподақтар орталығының төрағасы **Б. ИРТАЕВА.**

Жұмыс берушілер бірлестігінің атынан

Қостанай облысы кәсіпкерлер палатасының директоры **М. ӘБЕНОВ.**

ОБЛАСТНОЕ СОГЛАШЕНИЕ

между акиматом Костанайской области, территориальным объединением профсоюзов "Профсоюзный Центр Костанайской области" и Палатой предпринимателей Костанайской области на 2015-2017 годы

Мы, полномочные представители акимата Костанайской области, территориального объединения профсоюзов "Профсоюзный Центр Костанайской области" и Палаты предпринимателей Костанайской области (далее - Стороны), руководствуясь принципами: неукоснительного соблюдения законодательства Республики Казахстан; социальной ответственности акимата, работодателей и работников, взаимного уважения и максимально возможного достижения компромисса их интересов;

солидарной ответственности за реализацию Стратегии "Казахстан - 2050" и содействия её практическому осуществлению на местах; социального партнерства и коллективно-договорного регулирования социально-трудовых отношений;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Аталған құжаттар байқау өткізу туралы хабарламаны соңғы жариялау сәтінен бастап **10 жұмыс күнінің ішінде "Қарабалық ауданы әкімі аппараты" ММ 305 кабинет, 110900, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Космонавтов к., 31, анықтама үшін телефон 8 (71441)-79000, электронды пошта адресі: karabalyk@kostanay.gov.kz., мемлекеттік мекемесіне ұсынылуы тиіс.**

"Рудный қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1) "Рудный қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі (санаты Е-Р-3), лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына қарай 74 313 теңгеден 99 938 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша аса қауіпті жануарлардың, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының алдын алу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етеді; қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастырады; ветеринариялық (ветеринариялық-санитарлық) талаптарға сәйкес мал қорымдарын (биотермикалық шұңқырлар) салуды және оларды күтіп-ұстауды бақылайды; ветеринариялық өткізетін іс-шаралар туралы ақпаратты мүдделі тұлғаларға беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді; жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияны ұйымдастырады; жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай, залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады; Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын жеке және заңды тұлғалардың сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды:

ішкі сауда объектілерінде; жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда; экспорттын (импорттын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде; экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында; экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асырады.

Мал қорымдарын (биотермикалық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады; жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды; қаланың аумағында жануарлардың энзootикалық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады; республикалық ветеринариялық

препараттардың қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған ветеринариялық препараттардың сақталуын ұйымдастырады; ауру жануарларды санитарлық сою іс-шараларын ұйымдастырады; бөлімге түскен құжаттарды қарайды, олар бойынша тиісті жауап, ақпарат және талдау материалдарын ұсыну. Ветеринария мәселелеріне қатысты заңды және жеке тұлғаларға консультативтік әдістемелік көмек көрсету. Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жасайды, оларға өз құзыреті шегінде жауап беру. Ветеринария мәселелеріне қатысты қаулылардың жобаларын әзірлеу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары ветеринариялық.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің бар болуы.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2) "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы (санаты Е-Р-4), лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына қарай 56 375 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты мен регламентін және әкімшілік рәсімдерді сақтай отырып "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде: жоғарыда аталған қызмет көрсету мәселелері бойынша азаматтарға кеңес беру; Халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы қабылданған құжаттарды өңдеу және тұрғын үй көмегі қызметін алушылардың істері мәкetterін қалыптастыру; тұрғын үй көмегін беру есебін жүргізу; ХҚКО арқылы мемлекеттік қызметті көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы қызмет алушыларға хабарлау, қажет болған кезде тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қызмет алушылармен берілген құжаттардың дұрыстығын тексеру; "Е-әкімдік" ақпараттық жүйесінде өтініштерді тіркеу, тізімдемелерді қабылдау; "Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі" ақпараттық жүйесінде (ЭҚАБЖ) құжаттармен жұмыс істеу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары заңгерлік, экономикалық, педагогикалық (информатика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, педагогика және психология), мемлекеттік басқару, техникалық (ақпараттық жүйелер, құрылыс).

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген **Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары** (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестіленуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** "Рудный қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Рудный қаласы, Ленин көшесі, 95 анықтама үшін телефоны: 8 (71431) 4-41-25, электрондық мекенжай rudapparat_kadr@rambler.ru ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзіміне берген құжаттарды (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттардың электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны "Рудный қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде кандидаттарға олардың әңгімелесуге жіберілгендігі туралы хабарлама берген күннен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

Еске алу


2015 жылдың 25 сәуірінде асқар таудай бауырымыз **Бекмағанбетов Әділ Қайлаулы** (руы Найман) тірі болса 49 мүшелге толар еді. Қимастықпен еске аламыз. Тағдырдың жазуына шара бар ма?

48 жастан асқан шағында өмірмен қош айтысып кете барды. Бауырымыздың асар асуы, арман-тілегі көп еді. Амал нешік, қапыда айырылған бауырымыз үшін қолымыздан келгені соңғы сапарға аттандырып, бір уыс топырақ салып құран бағыштау ғана болды. Ағайын-туыстар арасында жүрсең те, Әділ өзіңді аңсап, сағынып еске аламыз. Өмірің неге қысқа болды екен! Алла деп тілек тілеп, балаларыңның қамын көп ойлаушы едің, Әділ!

Сенің күлімсіреген жарқын бейнең мәңгілік есімізде.

Жатқан жерің жайлы, жаның жұмақта болсын.

Еске алушылар: Найзабек-Гүлсім, Жумақұл-Тұрсынғали, Фазыл-Жұмақұл, Әлия-Сайым, Торғайбек, Дәулет-Айгүл, Марат-Ләззат, Жанат, Ақмарал-Рүслан, жұбайы Роза, балалары-Әсел, Әсет, Әйгерім-Баскен, Ақмарал, Арсен, немересі Меруерт.



"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Қаржылық жұмыс және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы "Д-0-4" - 1 бірлік, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты – 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Басқармада мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасау және уақытылы енгізу, веб-порталда жариялау. Заңнамаға сәйкес мемлекеттік сатып алудың есебін жасау. Жеткізушілермен жұмыс істеу.

Кассалық операцияны жүргізу. Статистикалық есептерді әзірлеу және ұсыну.Басқарма басшысының бұйрығымен уақытша басқа да міндеттерді атқарады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары білім: бухгалтерлік есеп, экономика, қаржы және несие. Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік қызмет көрсету туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" туралы Қазақстан Республикасының заңдарын; осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050": қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген)

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті орган белгілеген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестіленуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** мына мекенжайға тапсыру тиіс: 110000 Қостанай қаласы, Гоголь көшесі 75 (222 бөлмесі), анықтама үшін телефоны: 50-47-22, электрондық мекенжай: kostanay.til@mail.ru

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған жоғарыда аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен бастап **5 жұмыс күннің ішінде** үміткерлер әңгімелесуді "Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ-де өтеді.

Конкурс комиссиясының айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күнінен кешіктірмей Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасында персоналды басқару қызметінде (кадр қызметі) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасында персоналды басқару қызметіне (кадр қызметі) жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші конкурсы комиссиясы (110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98, 301 каб., анықтама телефоны: 8 (7142) 53-03-55, факс: 8(7142)53-39-80, электрондық пошта: kadyrkostanay@mail.ru) "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маман – бухгалтері (Е-Р-4, 1 бірлік) лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына қарай 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Бухгалтерлік есеп берулерді жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру және өткізу, бюджеттік бағдарлама паспорттарын дайындау. Бюджет бойынша бекітілген шығыстар сметалары бойынша ашық лимиттерге сәйкес қаражаттардың дұрыс және олардың тиімді жұмсалыуына бақылау жүргізу. Шоттар бойынша талдау есебін жүргізуді қамтамасыз ету. Еңбекақы есептеу. Есептерді дайындау. Банк құжаттарын әзірлеу. Төлем құжаттарын дайындау, кассалық шығыстар бойынша есептілік. Банктермен, қазынашылықпен жұмыс жасау. Тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу. Нормативтік-құқықтық актілерді арнайы жариялауға құқық алу конкурсын ұйымдастыру және өткізу.

Бөлімнің кадр қызметі міндеттерін атқару, кадрлар мәселелері бойынша іс жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі жоғары экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырушылық-бақылау жұмысы бөлімінің жетекші маманы (Е-5, 1 бірлік) лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына қарай 53172 теңгеден 71751 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент депутаттарының және жергілікті өкілдік органдарының сайлауын ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуі бойынша іс-шаралардың іске асыруына қатысу; сайлаушылардың электрондық базасын қалыптастыру бойынша, сайлау уәкелері шаңмасында сайлаушылар тізім құрастыру, оларды нақтылау және оларға өзгерістер енгізу бойынша жұмысты жүргізу; жергілікті атқарушы органдарға азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы, көшіп келгендер, көшіп кеткендер және қайтыс болған азаматтар туралы мағлұматтар беруді қамтамасыз ететін органдармен өзара іс-өрекетті жүзеге асыру; сайлаушылардың тізімін дайындауды және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес уәкелік сайлау комиссияларына беруді қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттер. Республикасының заңнамасына, бөлім туралы ережеге сәйкес басқа да өкілеттіліктерді орындайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі жоғары немесе ортадан кейінгі гуманитарлық, педагогикалық, заңгерлік, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, менеджмент), мемлекеттік және жергілікті басқару.

Қазақстан Республикасының Консти-

туциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығы негізінде жүргізіледі (бұдан әрі - Қағидалар).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап 10 жұмыс күннің ішінде 110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98, 301 каб. мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған жоғарыда аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен бастап 5 күн ішінде үміткерлер әңгімелесуді "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде, 309 кабинетте, етеді.

Конкурстық комиссияның айқындаушылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурстық комиссияның бақылаушылары ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпараттық құралдардың өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың, өкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін әңгімелесу өткізуді басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөліміне жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысу бойынша шығындар (әңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

"Қарасу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, А. Исақов көшесі, 68, анықтамалар үшін телефон: 8-714-52-21-071 факс: 8-714-52-21-258, электрондық пошта: maslihatkarasu@mail.ru) бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

"Қарасу аудандық мәслихатының аппараты" ММ ұйымдық-бұқаралық және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы, санаты Е-3, лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына байланысты 82641 теңгеден 106345 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: бөлімді басқарады. Аудандық мәслихат аппаратының ай сайынғы жұмыс жоспарына бөлімнің іс-шараларын ұсынады. Аудандық мәслихаттың қызметінде заңдылықтың сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Өкілетті органдарға қатысты заңнамалар, нормативтік актілерді жүйелеу есебін ұйымдастырады. Мәслихаттың қарауға енгізілген шешімдерінің жобаларын, хатшының өкімдерін, тұрақты комиссияларының қаулыларын заңнаманың талабына сәйкестігін қамтамасыз етеді; Нормативтік-құқықтық және құқықтық актілердің жобаларын заңының талаптарына сәйкестігіне келтіреді, олардың толық дайындығына жауап береді және қамтамасыз етеді. Күн тәртібі жобаларын қалыптастырады, атқарушы органдардың ұсынған шешімдері жобасының заңдылығын, олардың дұрыс ресімделуін тексереді, шешімдер жобаларының толық дайындығын қамтамасыз етеді. Нормативтік-құқықтық актілердің мониторингін жүргізеді. Әділет Департаментіне нормативтік-құқықтық актілер бойынша есеп ұсынады. Аудандық мәслихаттың сессиясына дайындық жұмысын қамтамасыз етеді: ресімделуін, күн тәртібі жобасын қалыптастырады, шешім жобаларының толық дайындығын қамтамасыз етеді. Кезекті сессия шақырылуы туралы сессия төрағасының шешімдерінің жобаларын дайындайды. Бөлім қызметіне қатысты мәселелер бойынша мәслихат хатшысының өкімін дайындайды. Әділет басқармасында сессия шешімдерін тіркеу дайындығына жауап береді және қамтамасыз етеді. Әділет басқармасында тіркелген шешімдерді БАҚ уақытында басылып шығуын қамтамасыз етеді. Аудандық мәслихаттың мүдделерін құқықтық мәселелерін қарау жөнінде белгіленген тәртіпте сотта және басқа органдарда ұсынады. Сессия хаттамаларын ресімдейді. Бюджет, экономика және ауылдық аумағын дамыту сауалдары бойынша тұрақты комиссиясы қызметінің ұйымдастыру етуін жүзеге асырады: комиссия жұмысын жоспарлауға көмек береді, комиссия отырысын уақытылы өткізуді қамтамасыз етеді, комиссия жұмысы үшін материалдар (анықтамалар, ақпараттар, есептер) жинайды, жаднамалар, комиссия отырыстарын жүргізу тәртібін құрастырады, қаулылар жобаларын әзірлейді, отырыс хаттамасын ресімдейді, сессия қарсаңында шешімдер жобаларын талдау және сол бойынша қорытынды шығару үшін комиссия отырысын ұйымдастырады, комиссия папкаларын қалыптастырады, депутаттардың әдістемелік және басқа да қажетті әдебиеттермен жабдықтайды, комис-

сияның нысана бойынша құжаттардың таралымы мен таратылуын жүзеге асырады, комиссия қаулысына сәйкес басқа мемлекеттік органдарға хаттар жібереді, тұрақты комиссияның алдағы уақытта қарауы үшін сессиялар хаттамалары, жарияланымдар, халықтың өтініштері бойынша ескертулер мен ұсыныстар есебін жүргізеді.

Аудандық мәслихаттың шешімдері мониторинг және арнаулы журнал есебін жүргізеді. Мәслихат хатшысына азаматтардың көтерген мәселелері бойынша заңнама бойынша кеңес береді, азаматтарды қабылдауда жұмыс жүргізеді.

Басшылықтың басқа да тапсырмаларын орындайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: құқық (құқықтану), білім (қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі мен әдебиет), гуманитарлық ғылыми (филология), әлеуметтік ғылыми, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;
- 3) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау;
- 4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар ұсынылсын:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес

нысанда толтырылған сауалнама; 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсандағы №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеудің өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәтіннен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, А.Исақов көшесі, 68 мекенжайы бойынша "Қарасу аудандық мәслихатының аппараты" ММ-де ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен **5 жұмыс күні ішінде** үміткерлер әңгімелесуді "Қарасу аудандық мәслихатының аппараты" ММ-де етеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Қарасу аудандық мәслихатының аппараты" ММ-де тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар "Қарасу аудандық мәслихатының аппараты" ММ жеке басын куәландыратын құжатты көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

Ибраимов Серик Биакметовичтің сенімді тұлғасы Ерубав Айтпай Серикбаевич кепілдік мүлкті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Өлеңді ауылы (елді мекеннің шегінен тыс) аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-186-011-191, алаңы 15050,0 га, бөлінетін жер теліміне уақытша ұзақ мерзімге жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетінін хабарлайды.

Сауда 2015 жылғы 5 мамыр, сағат 10.00-де Науырзым ауданы, Өлеңді ауылында өткізіледі.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Өтінімдер жұмыс күндері 2015 жылғы 4 мамыр, сағат 17.00-ге дейін сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Науырзым ауданы, Өлеңді ауылы.

Доверенное лицо Ибраимова Серика Биакметовича Ерубав Айтпай Серикбаевич, в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования на делимый земельный участок с кадастровым номером 12-186-011-191 площадью 15050,0 га, предназначенным для ведения сельскохозяйственного производства, расположенным на территории села Уленды (за пределами черты населенного пункта) Наурзумского района Костанайской области. Торги состоятся 5 мая 2015 года в 10.00 часов по адресу: Наурзумский район, село Уленды.

Покупная цена вносится наличными денежными средствами в течение 5-ти календарных дней после проведения торгов.

Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 17.00 ч. 4 мая 2015 г. по месту нахождения доверенного лица: Наурзумский район, село Уленды.

Асқа шақырамыз

Мендіқара ауданы Қарқын ауылының кафесінде 2 мамыр күні сағат 12.00-де өкеліміз **Бекмұхамбетов Сайлаубай Жабағыұлының** жылына байланысты ас беріледі.

Бекмұхамбетовтер отбасы.

Облыстық ардагерлер кеңесі Қабден Әкімбек Қабденұлына бейбішесі

Күлдір Нұрекеқызының қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

Жарнама бергіңіз келсе
54-33-22,
54-99-69
(факс)

• ДӘСТҮРДІҢ ТУУЫ

Жастар мерекесі Жанданып келеді

2011 жылдан бері елімізде «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу», яғни ғашықтар күні аталып өтілетін болды. Аз уақытта жастардың төл мерекесіне айналып үлгірген бұл күнді қостанайлық студенттер де назардан тыс қалдырмады. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің акт залында журналистика кафедрасының мұрындық бола білуімен «Махаббат бекеті» сайысы ұйымдастырылды. Байқауға университеттің кәсіподақ ұйымы мен «Арман 3D» кинотеатры демеушілік жасады.

Төрт кезеңмен өткен «Махаббат бекеті» сайысына бес жұп қатысты. Әркім өздерін таныстырғаннан кейін өнер көрсету кезеңінде аянып қалмады. Бірінші болып шыққан Ерболсын мен Меруерт латын-американдық тангоны билесе, Наурыз бен Ақбаян «Бағым сен» әнімен жұрт қошеметіне бөленді. Айта кетейік, махаббат сайысына арнайы шақырылған әншілердің қатарында республикалық байқаулардың жүлдегері Нұрахмет Махмұт та бар. Екінші кезеңде қатысушыларға ситуациялық сұрақтар берілді. Бұл сыннан



үздік шыққан — Жанболат пен Гүлнұр. Тамаша мүмкіндікті пайдалана білген батыл жігіттер сайыстың үшінші кезеңінде жұрт алдында өз сүйіктілеріне сезімін білдіріп, кеш көркін қыздырды.

Мұқағалидың өлеңімен көсілген Айбат жігіт жұбы Алтынға сахнада тұрып сөз салды. Соңғы «Махаббат мүсіні» бөлімінде қос жұп белгілі бір махаббат символын көрсетіп, оның мағынасын

түсіндіріп кетуі қажет болды. Ал Ернар мен Жұлдызай аты аңызға айналған «Титаник» фильміндегі кейіпкерлерді бейнелеп әділқазылардың зор бағасын алды.

— «Махаббат бекеті» сайысы қаламызда 2009 жылдан бастау алады. Былтырдан бері байқаудың форматы өзгертілді. Жарыс жалпы алғанда жақсы деңгейде өтті. Дегенмен жұптардың кейбір жетіспейтін тұстары көрініп жатты. «Көш жүре түзеледі». Махаббат мерекесі жыл сайын аталып өтсе екен деймін. Енді оны ұлттық дәстүрлерімізбен жарастырып, одан әрі байыту, әрі қарай жалғастыру — қоғамның, әсіресе жастардың міндеті, — деді дәстүрлі түрде жүзеге асып келе жатқан сайыстың құрылтайшысы Амангелді Шөрентаев.

Сонымен, ғашықтар сынынан сүрінбей өткен қос жұп Жанболат пен Гүлнұр бас жүлдені иеленді. Оларға «Арман 3D» кинотеатрына тегін билеттер берілді. Қатысушылардың барлығына арнайы дипломдар мен сыйлықтар табыс етілді.

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

Қазақтың ұлттық ойындары



Өткен аптаның жұма күні Шақшақ Жәнібек орталық алаңында «Жалын» Жанкелдин аудандық жастар ұйымы қоғамдық бірлестігі мүшелерінің мұрындық болуымен «Қазақтың ұлттық ойындары — халықтың мәдени мұрасы» атты жастарға арналған ойын-сауық кеші ұйымдастырылды.

Кештің негізгі мақсаты — бұқаралық спорт түрлерін дамыту, жастардың бос уақытын тиімді және көңілді өткізіп, халқымыздың әдеп-ғұрпы мен салт дәстүрлерін білулеріне септігін тигізу. Ұлттық ойындар қоғамымыздың іргетасын нығайтып, бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру үшін маңызы зор. Осы орайда, аудан жастары-

ның қатысуымен қазақ халқының — теңге алу, аударыспақ, асық ойындары, арқан тартыс, ақшамшық, ақсүйек сынды ұлттық ойындары ойнатылып, жеңімпаздар мен қатысушыларға бағалы сыйлықтар таратылды.

Ұлттық ойындар — бабаларымыздың асыл қазыналарына деген бүгінгі жастардың көзқарасын дұрыс бағыттауға үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындары — оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

Гүлім ЫСМАҒҰЛ.

Жанкелдин ауданы.

Мерейтой-60!

Сәуірдің 25-ші жұлдызында Әулікөл ауданының Новонезжин ауылында тұратын бірімізге аяулы ана, бірімізге бауыр, бірімізге сүйікті әже **Әйтекенова Раиса Төлеубайқызы** асқаралы 60 жасқа толып отыр. Осынау мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Ұзақ өмір, зор денсаулық тілейміз. Балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп, ортамызда жүре беріңіз.

**Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.**

**Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!**

Ізгі тілекпен: бауырлары — Орал-Гүлсім, Қапар-Салтанат, немерелері — Әнелі, Әділ.



• ГІР СПОРТЫ

Жігерлі жігіттердің жеңісі

17-19 сәуір аралығында Қостанай ауданының Озерный ауылында Ұлы Отан соғысының ардагері Б.Т.Шаяхметовке арналған Қостанай облысы бойынша гир спортынан ашық чемпионат өткен болатын.

Бұл жарысқа біздің өңірдің Барвинов ауылынан барған Қуандық Жантасов және Николай Мищенко сынды спортшылар жеңіспен оралды. Айталық, ересектер арасында хас шеберлермен қарсыласқан ҚР спорт шебері Николай Мищенко өте жақсы нәтиже көрсетіп, облыс бойынша



чемпион атанды. Ал жастар арасында жарысқан Қуандық Жантасовқа тең келер ешкім

болған жоқ. Ол өз бақталастарын бір емес, бірнеше рет жеңіп, спорт шеберіне кандидат нормативін қорғап шықты. Сөйтіп, 13 жасар білекті жігіт Қостанай облысы бойынша гир спортынан ең жас спорт шеберіне кандидат атанды.

Жігерлі жігіттердің бұл жеңісі — Барвинов орта мектебінің денешынықтыру пәнінің мұғалімі, гир спортының тәжірибелі жаттықтырушысы Нұрлан Тайжановтың еңбегінің жемісі.

Мінеки, бұл қос қуаныш — Барвинов орта мектебі мен ауылдың және өңірдің мерейін өсірді. Алдағы уақытта да сарыкөздік спортшыларға сәттілік тілейміз!

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А — ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылған. Бағасы келісім бойынша.